



SEMEI tanu

№ 111 (19738) 14 қараша, 2025 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ

■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНДЕ

СЕМЕЙ

ЖАҢА СЕРПІН: АБАЙ ОБЛЫСЫ ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДА

Қараша айының 11-і күні Абай облысының әкімі Берік Уәли ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі алаңында БАҚ өкілдері алдында баспасөз мәслихатын өткізді. Аймақ басшысы облыстың жыл басынан бергі әлеуметтік экономикалық дамуы туралы баяндап, журналистер тарапынан қойылған 80-нен астам сұрағына тек қана мемлекеттік тілде жауап берді.



ОБЛЫС БЮДЖЕТІ ЕКІ ЕСЕГЕ АРТТЫ

Биылғы 9 айдың қорытындысы бойынша Абай облысының әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері оң қарқынмен сақталды. Көлік саласында – 123,4%, байланыста – 106,4%, өңдеу өнеркәсібінде – 101,3%, ішкі саудада – 105,9%, ауыл шаруашылығында – 102,8%, инвестиция тарту бойынша – 103,1% өсім байқалды. Тұрғын үй құрылысы саласында 159,9 мың шаршы метр жаңа баспана пайдалануға берілді. Мемлекеттік бюджетке облыстан 441,4 млрд теңге салық пен міндетті төлемдер түсті. Оның ішінде республикалық бюджетке – 316,7 млрд, жергілікті бюджетке – 124,7 млрд теңге. Бұл – өткен жылмен салыстырғанда 137,3%-ға артқанын көрсетеді. Абай облысы құрылған сәтте бюджеттің жалпы көлемі 251,3 млрд теңге болса, бүгінде Президент пен Үкіметтің қолдауының арқасында бұл көрсеткіш 2 есе өсіп, 500,9 млрд теңгеге жеткенін атап өткен жөн.

Өңірдің инфрақұрылымын жаңғырту және тұрғындардың өмір сапасын арттыру бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасатын болады.

3,5 ТРЛН ТЕҢГЕ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛДЫ

Абай облысында бизнесті қолдау мен инвестиция тарту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жыл басынан бері өңірде іске асырылып жатқан инвестициялық жобалардың саны 29-дан 97-ге дейін артты. Тартылған инвестиция көлемі 2,2 трлн теңгеден 3,5 трлн теңгеге дейін ұлғайды. Оның ішінде 50 жоба Ұлттық цифрлық инвестиция-

лық платформаға енгізілген.

Ірі инвестициялық жобалардың бірі – көлемі 577,5 млрд. теңгені құрайтын жалпы ұзындығы 297,5 шақырым «Аягөз – Бақты» темір-жол желісінің құрылысы. Бұл – өңірдің және тұтас еліміздің дамуына тың серпін беру үшін Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен басталған ауқымды жоба. Мердігер ұйым – China Harbour Engineering Company. 10,5 мың гектар жер учаскесі резервке қойылған. Жобаның техникалық-экономикалық негіздемесі бекітілді, 2023 жылы іске асыру басталды. Қазіргі уақытта жобаға 30 млрд теңге инвестиция салынды. Нысанды 2027 жылдың желтоқсанында пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Бұдан бөлек өнеркәсіп саласында Түркияның «Miryildiz Kz Ltd.» компаниясы жалпы құны 480 млн АҚШ долларын құрайтын «Алтын өндіру фабрикасын салу» жобасын іске асыруды бастады.

Биыл жалпы сомасы 25,9 млрд. теңгеге 453 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 14 жобаны іске асыру жоспарланған. Қазіргі таңда 13,3 млрд. теңгеге 7 жоба жүзеге асырылды, 124 жұмыс орны құрылды. Жыл соңына дейін құны 12,6 млрд. теңгені құрайтын 7 жобаны іске қосу көзделіп отыр.

«ӨНДІРІС» АЙМАҒЫ КЕҢЕЙТІЛУДЕ

Абай облысында инвестиция тарту және өңірдің өнеркәсіптік әлеуетін арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жыл басынан бері облыс әкімі Берік Уәли 100-ден астам шетелдік инвестормен кездесті. Халықаралық экономикалық ынтымақтастықты нығайту мақсатында «Үлкен Алтай» халықаралық субөңірлік конференциясы аясында Қытай Халық Республикасының ірі компанияларымен жалпы құны 1,5 миллиард АҚШ долларын құрайтын 15 меморандумға қол қойылды. Бұл келісімдер логистика, туризм, өңдеу өнеркәсібі және басқа да маңызды бағыттарды қамтиды.

«Қазіргі уақытта қытайлық серіктестердің қатысуымен жалпы құны 39,5 млрд теңгені құрайтын 3 жоба іске асырыла бастады. Сонымен қатар, өңірден шыққан танымал тұлғалар, кәсіпкерлер мен меценаттардың қатысуымен өткен «Туған жерге туынды тік» инвестициялық форумында жалпы сомасы 336 млрд теңгеге 15 маңызды келісім жасалды. Оның ішінде жалпы сомасы 31,7 млрд. теңгені құрайтын 2 жобаны іске асыру басталды. Бұл форум облыстың инвестициялық тартымдылығын арттыруға және жергілікті бизнестің жаңа серпін алуына ықпал етті», – деді облыс әкімі.

Индустриялық инфрақұрылымды дамыту бағытында да ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Семей қаласындағы аумағы 96 гектарды құрайтын «Өндіріс» индустриялық аймағында 3 жаңа жобаларға жер беріліп, толық игерілді. Индустриялық аймақты 186 гектарға дейін кеңейтіп, шағын өнеркәсіп паркін құру жұмыстары қолға алынып жатыр.

Өңірге инвесторлардың қызығушылығы жоғары. Осыған орай Семей қаласының өнеркәсіптік аймағында арнайы экономикалық аймақ құру үшін 500 гектар жер бөлу жоспарлануда. Бұл жоба жаңа өндіріс орындарын ашуға, жұмыс орындарын көбейтуге және өңірдің тұрақты экономикалық дамуына серпін береді.

Жалғасы 2-бетте

Ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстан Республикасы чемпионаты «Арена» спорт кешенінде 10-13 қараша аралығында өтті. Жарыста еліміздің барлық өңірлерінен жиналған 569 спортшы 14 салмақ дәрежесі бойынша бақ сынады.

ДЗЮДОДАН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ



Чемпионаттың ашылу салтанатына облыс әкімі Берік Уәли, Қазақстан дзюдо федерациясының бас хатшысы Тимур Болат, 2024 жылғы Олимпиада ойындарының жеңімпазы Елдос Сметов қатысты. Сайыстың ашылуында сөз сөйлеген аймақ басшысы спортшыларға сәттілік тілеп, чемпионаттың Семей қаласында өтуі өңір спортының дамуына серпін беретінін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Көкшетауда өткен Ұлттық құрылтайдың отырысында сөйлеген сөзінде «Спорттың насихаттау, оны әсіресе балалар мен жасөспірімдер арасында дәрiптeу – ұлт саулығының кепiлi» деп айрықша атап көрсеткен болатын. Абай елi, Семей жерi – тұңғыштар мекенi ғана емес, спорттың да игi дәстүрi мен даңғыл жолы қалыптасқан аймақ. Дзюдодан Қазақстан чемпионаты еліміз Тәуелсіздік алған 30 жыл ішінде облымызда алғаш рет өтіп отыр. Бұл өңіріміздің спортының дамуына үлкен септігін тигізеді деп ойлаймыз. Жуырда ғана бокс чемпионаты өтті. Мұндай деңгейдегі сайыстарды қабылдау біз үшін әрі құрмет, әрі үлкен міндет. Бұл чемпионат спортшылардың шеберлігін шыңдап қана қоймай, қала тұрғындары мен жас буын өкілдеріне спорт мәдениетін насихаттауға үлкен мүмкіндік береді», – деді аймақ басшысы.

Олимпиада чемпионы Елдос Сметов спортшыларға жылы лебізін білдірді.

«Чемпионаттың жоғары деңгейде ұйымдастырылуына атсалысқан облыс басшылығына, спорт саласының өкілдеріне және барша жанашыр азаматтарға зор алғысымды білдіремін. Болашақта еліміздің атын асқақтатып, Олимпиада ойындарында көк туымызды биікте желбірететін спортшылар өсіп шығатынына көміл сенемін. Барлық қатысушыларға сәттілік тілеймін!», – деді Е. Сметов. Облыс әкімі Берік Уәли чемпионға құрмет көрсетіп 10 000 000 теңгенің сертификатын табыс етті.

Облыста дзюдо спорты жақсы дамып келеді. Биыл Джаккартада өткен жасөспірімдер арасындағы Азия чемпионатында жерлестеріміз Фархат Зейнолла алтын, Ажан Ринатқызы қола жүлдеге ие болды. Ақтөбеде өткен Қазақстан Республикасының чемпионатында облыс құрамысы екі алтын, үш күміс, екі қола алып, жалпыкомандалық есепте екінші орынға ие болды. Облыстағы 26 спорт мекемесінде барлығы 14 мыңнан аса спортшы жаттығады. Өртүрлі спорт түрлері бойынша 2025 жылы Абай облысының 451 спортшысы Қазақстан Республикасының құрама командасына енді. Жыл басынан бері спортшыларымыз республикалық жарыстарда 1662 медаль, халықаралық жарыстарда 286 медаль иеленді.

Қазіргі таңда облыста 20 спорт нысанының құрылысы жүргізілуде.

«СТ» - ақпарат

СЕМЕЙ

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Қала басшысы Әділет Қожанбаевтың төрағалығымен кеңейтілген аппараттық отырыс өтті. Жиынға әкім орынбасарлары, бөлім басшылары, коммуналдық қызмет ұйымдарының өкілдері және инспекторлар қатысты.

ЖЕР БЕРІЛУІ ЗАҢДЫ БОЛУЫ ТИІС

Күн тәртібінде екі негізгі мәселе қаралды: сауда-саттық (аукцион) арқылы қала аумағындағы коммерциялық мақсаттағы жер учаскелеріне жер пайдалану құқығын беру барысы және алдағы қыс маусымына арналған қаланы безендіру жұмыстары. Әділет Қожанбаев жер беру процесінің заң талаптарына толық сәйкес өтуі керектігін атап өтіп.

«Жер учаскелерін беру кезінде барлық рәсімдер заңды болуы тиіс. Қала бизнесіне жағдай жасау – біздің басты мақсаттарымыздың бірі. Сондай-ақ ол қысқы безендіруге қатысты, қысқы мерекелік атмосфераны қалыптастыру – тұрғындардың көңіл күйіне тікелей әсер етеді. Сондықтан безендіру жұмыстары сапалы, уақытылы және қаланың жалпы көрінісіне үйлесімді болуы қажет», – деді Әділет Нұрсағатұлы.

Отырыс нәтижесінде қала әкімі тиісті бөлім басшыларына нақты тапсырмалар берді.

Өз тілшіміз

ҚАРЖЫНЫҢ ИГЕРІЛУІ ӘКІМДІК БАҚЫЛАУЫНДА

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен кеңейтілген аппараттық кеңес өтті. Жиында 2024 жылға арналған мақсаттарға қол жеткізу тиімділігін бағалау нәтижелері және 2025 жылға арналған облыстың даму бюджетінің III-ші тоқсан қорытындысы, «Мемлекеттік органдардың ашықтығы» және «Жергілікті атқарушы органдарының мемлекеттік қызметтер сапасын операциялық бағалау» сияқты мәселелер қаралды.

Кеңеске облыстық басқарма басшылары, өңірлік департамент жетекшілері қатысты. Аудан және қала әкімдері бейнережимде қосылды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша Абай облысы әкімі аппаратының мемлекеттік қызметтерді мониторингілеу бөлімінің басшысы Айжан Ысқақова, Абай облысы цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Абзал Серікұлы, қаржы басқармасының басшысы Гүлфайруз Серікболова баяндады. Абай облысында мемлекеттік басқару тиімділігі мен ашықтықты арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізілуде. Әкімдік қызметі кешенді түрде бағаланып, даму жоспарының орындалуы мен әлеуметтік көрсеткіштердің өсуі тұрақты бақылауда.



Инфрақұрылымды дамыту, инвестиция тарту және әлеуметтік

саланы жетілдіру негізгі басымдықтар ретінде белгіленді. «Ашық

бюджет» және «Ашық диалог» бағыттарында да мониторинг жүйелі жүргізіліп келеді. Биыл өңірде 185 әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысанның құрылысы жүргізілуде. Қаржының мақсатты және уақтылы игерілуі әкімдіктің бақылауында. Бұл шаралар өңірдің тұрақты дамуы мен халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған. Жиында аймақ басшысы қала-аудан әкімдері мен басқармаларға бюджет қаражатын жоспарлау мен игеру кезінде тәртіпті қатаң сақтап, даму жоспары аясындағы жобаларды уақтылы әрі сапалы орындауды, құрылысы жүріп жатқан нысандардың мерзімінде аяқталуын қамтамасыз етуді тапсырды.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі

ЖАҢАЛЫҚТАР

САРАПТАМА

АҚПАРАТ

ЖЕКЕ ТҰЛҒА: 6 АЙҒА - 8157, 28 ТЕҢГЕ

ЗАҢДЫ ТҰЛҒА: 6 АЙҒА - 11457, 28 ТЕҢГЕ

2026 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

SEMEI tanu



ЖАҢА СЕРПІН: АБАЙ ОБЛЫСЫ ӨРКЕНДЕУ ЖОЛЫНДА

Соңы. Басы 1-бетте

АЛАКӨЛДІҢ БАС ЖОСПАРЫ ӘЗІРЛЕНУДЕ

Президент тапсырмасына сәйкес облыста туристік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған ауқымды жобаларды жүзеге асыру жалғасады. Мақаншы өңірінде орналасқан Алакөл көлі айтарлықтай туристік және инвестициялық әлеуетке ие. Биыл Алакөл жағалауында демалушылар үшін қолайлы жағдай жасап, инфрақұрылымын дамыту бойынша нақты шаралар қабылданды. Облыс құрылғалы жағалауда жөндеу жүргізілмегенін ескере отырып, жергілікті бюджеттен 1 млрд. теңге бөлінді. Көл жағалауындағы Қабанбай ауылында құтқару станциясы және өрт сөндіру депосының құрылысы басталды. Қазіргі уақытта туристік аймаққа жаңа электр желісін тарту, қатты тұрмыстық қалдықтар полигонын салу бойынша жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Жобаларды жүйелі түрде және сапалы іске асыру үшін көл жағалауының жаңа бас жоспарының жобасын әзірлеу жоспарланып отыр.

«Жоба аясында жалпы ауданы 1000 гектардан асатын демалыс және туризм аймақтарын қалыптастыру, сондай-ақ рекреациялық, қоғамдық-іскерлік және тұрғын аумақтарды дамыту көзделген. Сонымен қатар, көліктің қолжетімділігі, инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету және экологиялық тұрақтылық мәселелеріне баса назар аударылады», – деді облыс әкімі.

Бас жоспарды әзірлеу бірнеше стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталады. Оның ішінде ішкі туризмді дамыту, инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, өңір тұрғындары мен қонақтарының демалыс жағдайын жақсарту.

Аталған жобаны жүзеге асыру нәтижесінде Қабанбай ауылы мен Алакөл жағалауының аумақтары біріктіріліп, игерілген аймақ көлемі 3 мың гектарға дейін ұлғайтылады. Бұл өз кезегінде Алакөлдi өңіріндi жетекші туристік орталықтарының біріне айналдыруға мүмкіндік береді.

Жағалауды дамытудың негізгі бағыттарының бірі – Әзербайжан Республикасы инвесторларының қатысуымен «Алакөл» емдеу-сауықтыру кешенін салу жобасы. Бұл жоба бойынша екі мемлекеттің басшылары 21 қазан күні келісімге қол қойды. Қазіргі уақытта құрылыс орнын бекіту жұмыстары келісілуде.

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ЦИФРЛЫҚ ДАМУЫ ЖҰМЫСТАРЫ ҚАРҚЫНДЫ

Абай облысында жасанды интеллект технологияларын дамыту, оларды түрлі салаларға енгізу және цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Семей қаласында «Ақылды қала» бағдарламасын дамыту жөніндегі Жол картасы аясында азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру және қалалық процестерді автоматтандыру мақсатында 27 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Оның жетеуі іске қосылды.

Қазіргі уақытта Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен бірлесе отырып, жаңа технологияларды қолданатын бірқатар жобалар әзірленуде. Олардың қатарында Еңбек мобильділігі орталығы үшін онлайн-кезек басқару жүйесі, облыстың киелі орындарының голограммасы, CRM-жүйесі, Делдал-бот, Assyl-AI жобасы, вакансияларды іздеу және жұмысқа орналастыруға арналған Jidek.kz және республикалық деңгейде алғаш рет іске қосылған saiminimum.kz автоматтандырылған порталы бар.

Жасанды интеллектті тиімді енгізудің басты шарты – сапалы интернетпен қамтамасыз ету. Осы мақсатта жыл соңына дейін 10 ауыл интернет желісіне қосылады. 2026 жылдан бастап облыстың 179 ауылын және 343 әлеуметтік нысанды талшықты-оптикалық байланыс желісіне қосу жоспарланған. Бұған қоса «Jusan Mobile» акционерлік қоғамы 26 шалғай ауылды «OneWeb» спутниктік технологиясы арқылы интернетке қосуды жоспарлап отыр.

Нәтижесінде 2026 жылы Абай облысы ауылдарының интернетке қолжетімділігі 96 пайызға жетеді деп күтіледі. Сонымен қатар, республикалық және облыстық автожолдар бойындағы антеннадің құрылысы 2027 жылы толық аяқталады.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ ТҰРАҚТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы халыққа Жолдауында ауыл шаруашылығы саласын жаңа деңгейге көтеру қажеттігін айтып, нақты міндеттер жүктегені белгілі. Осы бағытта өңірде жүйелі жұмыстар атқарылуда. Биылғы тоғыз айдың қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 339,5 млрд теңгені құрап, нақты көлем индексі 102,8% болды. Оның ішінде мал шаруашылығы өнімдері 209,7 млрд теңгеге өндіріліп, өсім 105% деңгейінде қалыптасты.

Ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдау мақсатында биыл 15,1 млрд теңге субсидия бөлінді. Оның ішінде өсімдік шаруашылығын дамытуға – 2,5 млрд теңге, мал шаруашылығына – 4,8 млрд теңге, қаржы құралдарын субсидиялауға және қайта өңдеу саласына – 7,8 млрд. теңге қарастырылды. Сондай-ақ, көктемгі егіс және күзгі егін жинау жұмыстарын қаржыландыру үшін өңір шаруаларына «Кең дала» бағдарламасы бойынша 9,5 млрд теңге бөлінді. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде 9 айда облыста 101 мың тонна ет (5%-ға өсім) және 248,4 мың тонна сүт (6%-ға өсім) өндірілді. Сондай-ақ, биыл ауыл шаруашылығы қызметкерлері 446 бірлік заманауи техника сатып алып, техника паркін жаңарту деңгейі 5,1%-ға жетті.

Биылғы егіс жұмыстары 782,1 мың гектар алқапта жүргізілді. Президенттің егіс алқаптарын әртараптандыру жөніндегі тапсырмасын іске асыру аясында дөңді дақылдар алқабы 12 мың гектарға қысқарып, жоғары рентабелді майлы дақылдар алқабы өткен жылмен салыстырғанда 42,5 мың гектарға ұлғайды.

Облыста 113,4 мың гектар суармалы жер бар, оның 31,6 мың гектары немесе 27,8% пайдаланылуда. Су үнемдейтін технологияларды қолданылатын алаң 22,1 мың гектарға жеткізіліп, өткен жылмен салыстырғанда 8,3 мың гектарға ұлғайды.

6 СУ ҚОЙМАСЫ САЛЫНБАҚ

Су саласын дамытудың 2024–2028 жылдарға арналған республикалық кешенді жоспары аясында өңірде 6 су қоймасын салу, 10 гидротехникалық құрылысты және 17 ирригациялық жүйені қайта жаңарту жоспарланған.

Аталған жобалар жүзеге асқанда 31 мың гектар жаңа суармалы жер айналымға енгізіліп, 180 миллион текше метр су жиналады. Сонымен қатар, 181 шақырым магистральдық арна жөнделіп, егістіктегі өнімділік гектарына 16 центнерден 27 центнерге дейін артпақ.

Бұдан бөлек Ертіс өзенінің гидропотенциалын пайдалану арқылы облыстың суармалы жер көлемі қосымша 70 мың гектарға ұлғайып, барлығы жиыны 214 мың гектарды құрайды. Нәтижесінде су үнемдейтін технологияларды қолдану аясында

13,9 мың гектардан 88,2 мың гектарға дейін ұлғаяды.

2026 ЖЫЛЫ ІРІ ЕТ КОМБИНАТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛАДЫ

Абай облысының Жаңасемей ауданындағы «ЕвразияАгроСемей» ЖШС базасында ет өнімдерін экспорттауға мүмкіндік беретін 7,7 млрд теңгеге қуаттылығы жылына 11,4 мың тонна шығарылатын ет комбинаты жобасы іске асырылып жатыр. Ет комбинаты құрылысы өндірістік бордақылау алаңдарының қуаттылығын арттырып, толық өндірістік циклді қамтитын



ет кластеріне айналмақ. Кәсіпорын 2026 жылдың тамызы айында іске қосылады деп жоспарланып отыр.

Бұл бағытта биыл «Мәуліт» шаруа қожалығында жалпы құны 1,7 млрд теңгені құрайтын 5 мың басқа арналған өндірістік мал бордақылау алаңы іске қосылды. 2031 жылға дейін ет кластерін құру бағытында облыстағы бордақылау алаңдарының қуаттылығын 21 мың бастан 86,5 мың басқа дейін ұлғайту көзделіп отыр. Оған қажетті барлық мемлекеттік қолдаулар мен несиелік бағдарламалар бар.

Ауыл шаруашылық дақылдарын ертарاپтандыру арқылы майлы дақылдар алаңын ұлғайту шараларының нәтижесінде жалпы құны 7 млрд теңгеге «DI-NUR COMPANY» ЖШС құрама жем өндіру және майлы дақылдарды өңдеу зауыты және құны 1,5 млрд теңге болатын «Шын Жан ЖҮО АНГ-Сұңқар» ЖШС майлы дақылдарды өңдеу зауыты іске қосылды.

Сонымен қатар, ағымдағы жылдың желтоқсанында қайта өңдеу саласын дамыту бағытында «QAZAQ ASTYU GROUP» ЖШС-мен инвестиция көлемі 8,2 млрд теңгені құрайтын тазартылған күнбағыс майын өндіру желісі іске қосылды.

Жоба аясында жем өндіруден бастап дайын өнімге (тазартылған күнбағыс майы) дейін толық өндірістік циклді қалыптастырып, күнбағыс дөңдерін қалдықсыз өңдеу жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, 2026–2027 жылдары HARVEST агрохолдингі шетелдік компаниясының 34 млрд теңге көлемінде инвестициясын тарту арқылы Мақаншы ауданында «Абай Харвест» ЖШС жалпы көлемі 29 мың гектарды құрайтын егістік жерлерде (жүгері, соя егу) су үнемдеу технологияларын енгізу мәселесі пысықталуда.

ТОЗЫҒЫ ЖЕТКЕН ЖЫЛУ ҚАЗАНДЫҚТАРЫ ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ

Абай облысындағы ең өзекті мәселелердің бірі – халықты жылумен қамтамасыз ету. Жылыту маусымына дайындық барысында арнайы талдау жасалып, облыс аумағында жылу желілерінде анықталған ақауларды жою жұмыстары жүргізілді. Президент пен Үкіметтің қолдауының арқасында биыл бұл мақсатқа 11,8 млрд. теңге бөлінді. Аталған қаржыға Семей қаласын жылумен үздіксіз қамтамасыз ету үшін 12 жылу көзі жаңғыртылып, 13,6 шақырым жылу желілері ауыстырылды.

«Өздеріңізге белгілі, Аягөз қаласында да жылу тапшылығы проблема болды. «Орталық» қазандығында әрқайсының қуаты 10 Гкал/сағат болатын үш қазандық орнатылды. Сонымен қатар, 3,9 шақырым жылу желілері ауыстырылды. Құрчатов қаласында, Жарма, Бородулиха, Жаңасемей аудандарында 9 жылу көзінде және 4 шақырым жылу желілерінде жөндеу жұмыстары жүргізілді», – деді облыс әкімі.

Жалпы, жылыту маусымы облыста 29 қыркүйекте басталып, шаттатқы режимде өтіп жатыр.

ЖАҢА ЖЫЛУ ЭЛЕКТР ОРТАЛЫҒЫ САЛЫНАДЫ

Семей қаласының оң жағалауында қазіргі таңда жылу энергиясының тапшылығы – 146,99 Гкал. Бұл мәселе ұзақ жылдар бойы қала тұрғындары үшін өзекті болып келеді. Президенттің Семейде жаңа жылу электр орталығын (ЖЭО) салу туралы тапсырмасы осы проблеманы түбегейлі шешуге бағытталған. Осы мақсатта Абай облысы әкімдігі, «Самұрық-Энерго» АҚ және жобалаушы ұйымдардың қатысуымен кешеді жұмыс тобы құрылды. Құрылыс алаңы мен құл үйіндісін жинақтау орны анықталды. Қазіргі уақытта жобаның техникалық-экономикалық негіздемесін әзірлеу жұмыстары аяқталу сатысында. Жаңа жылу электр орталығының қуаты – 1000 Гкал, ал электр қуаты – 360 МВт болады. Нысанның бірінші кезеңін пайдалануға беру 2029 жылдың үшінші тоқсанына жоспарланған. Бұл жоба іске асқанда Семейдің оң жағалауындағы жылу тапшылығы жойылып, экологиялық тұрғыдан тиімсіз және қуаттылығы төмен ескі қазандықтар жабылады.

САПАЛЫ АУЫЗ СУ БОЙЫНША 33 ЖОБА ОРЫНДАЛУДА

Мемлекет басшысының халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жөніндегі тапсырмасына сәйкес Абай облысында 33 жоба жүзеге асырылуда. Биыл барлық қаржыландыру көздері есебінен 16,7 млрд. теңге бөлініп отыр. Аталған жобалар іске асқанда 38 мың адам ауыз сумен қамтылады. Нәтижесінде облыстың сумен қамтылу деңгейін 100%-ға дейін жеткізу жоспарлануда. Су желілерінің тозуын азайту мақсатында биыл 4 жоба аяқталып, тозу деңгейі 40%-ға дейін төмендетілді. Келесі жылға 24 су желілерін қайта құру жобаларын іске асыру жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, облыс орталығындағы Мұрат саяжайы мен Бобровка кенттерін электрмен жабдықтау жұмыстары жүргізілуде.

ЖОЛДАР МЕН КӨПІРЛЕРДІ ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Абай облысында көлік инфрақұрылымын дамыту жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Биыл республикалық маңызы бар «Қалбатау-Майқапшағай» автожолының 184 шақырымы аяқталды. Бұл бағыт өңірдің ішкі және сыртқы кө-



лік байланысын жақсартып, облыстың көршілес Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарымен, сондай-ақ Қытай Халық Республикасымен шекаралық сауда-экономикалық қатынастарын нығайтуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, «Талдықорған - Қалбатау - Өскемен» автожолының құрылысы аяқталуға жақын. Қазір негізгі бөлігіне асфальт төселіп, соңғы абаттандыру жұмыстары жүргізілуде.

Бұдан бөлек Қытай компаниясымен «China Railway Asia-Europe Construction Investment Co.LTD» Семей қаласын айналып өтетін автожол құрылысын жүзеге асыруға бағытталған келісімге қол қойылды. Жоба қазақ-қытай кәсіпорындарының бірлескен консорциумы негізінде 2028 жылға дейін жүзеге асырылады.

Жергілікті жолдарды жөндеуге биыл 21,4 млрд. теңге қарастырылды, бұл қаржыға 358,8 шақырым жол жөндеуден өтеді. Оның ішінде Семей қаласының 52 көшесінде орташа жөндеу, 40 ауданда аумақтарды асфальттау жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, 35 аула абаттандырылды. Қарағайлы және Энергетик шағын аудандарын «Юмбы – Майқапшағай» тас жолымен жалғайтын жаңа көше пайдалануға берілді. Жоба аясында жаяу жүргіншілер мен веложолдар салынды, шамдардың тіректері орнатылды.

Семей қаласында төрт жолақты жаңа көпір салу жобасы іске асуда. Жоба Мемлекет басшысының қолдауымен, Қытай Халық Республикасымен өзара іс-қимыл аясында қайтарымсыз қаржы (грант) есебінен аяқталады. Екі ел арасында техникалық-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылған.

Биыл Семей қаласының символына айналған аспалы көпір мен автожол көпірінің асфальт жабындысы толық ауыстырылды. Аспалы көпірге толық күрделі жөндеу үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр.

ЖАҢА ЫҚШАМ АУДАН БОЙ КӨТЕРМЕК

Абай облысында жыл басынан құрылыс жұмыстарының көлемі 194 млрд теңгені құрады. 159,9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Халықтың әлеуметтік осал топтарын баспанамен қамту үшін биыл 1 146 қала берілетін пәтер сатып алуға 23,3 млрд теңге бөлінді. Қала мен аудан әкімдіктері 213 пәтерді сатып алды. Сонымен қатар, Семей қаласының Қарағайлы ықшам ауданында биыл 21,6 мың шаршы метр 4 несиелік тұрғын үй пайдалануға берілді, тағы 13 үйдің құрылысы жүргізілуде.

Облыста тұрғын-үй кезегінде 30 мыңға жуық адам тұр, оның ішінде Семей қаласы бойынша – 20,5 мың адам. Осы мәселені шешу үшін қаланың тарихи орталығындағы инфрақұрылымның тозуын, жаңа құрылыс үшін бос алаңдардың тапшылығын ескере келе, әкімшілік-іскерлік орталықты орналастыра отырып, жаңа тұрғын аудан құру ұсынылды. Бұл Семей қаласындағы жорлық жоба болып, өңірдің өсуі мен урбанистикалық дамуының жаңа қозғаушы күшіне айналады. Тұрақты жұмыс орындары ашылып, өңірге қомақты инвестиция тартылады.

Баспана кезегін азайтып, халықтың сұранысын қамтамасыз ету мақсатында Семей қаласының бас жоспарына түзетулер енгізіліп жатыр.

ӘР ӨҢІРДЕН ОБЛЫСЫМЫЗҒА БІР НЫСАН

Абайдың 180 жылдық мерейтойына орай Мемлекет басшысының қолдауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы аясында өліміздің әр өңірі облысымызға бір нысаннан салмақ. Осы ғимараттардың негізгі бөлігі Семей қаласында бой көтеретін жаңа тұрғын ауданда орналасатын болады.

«Өліміздің 14 өңірі өз жобаларын белсенді түрде іске асырып жатыр. Атап айтқанда, Маңғыстау облысы «Достық» үйін, Түркістан облысы Көрме орталығын, Солтүстік Қазақстан облысы Рәміздер алаңын, Ақтөбе облысы Жекпе-жек орталығын, Павлодар облысы Үстел теннисі кешенін, Атырау облысы «Абай өлемі» кітапханасын, Қызылорда облысы «Анаға тағзым» ғимаратын, Қостанай облысы Руханият орталығын, Қарағанды облысы Ботаникалық саябақты, Шығыс Қазақстан облысы Ертіс жағалауын абаттандыруды, Батыс Қазақстан облысы желілік саябақ салуды қолға алды. Ал Астана қаласы «Келешек» мектебін, Алматы қаласы медиа орталығын, Шымкент қаласы Шығармашылық орталығын салуға жобалық жұмыстарды жүргізуде», – деді облыс әкімі.

«КЕЛЕШЕК МЕКТЕПТЕРІ» АЯСЫНДА 4 МЕКТЕП АШЫЛДЫ

Оқушы орындарының тапшылығын азайту және білім беру инфрақұрылымын дамыту мақсатында «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында Абай облысында жүйелі жұмыстар атқарылуда.

«Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында биыл 4 мектеп (Семей қаласы Қарағайлы ықшам ауданында 1200 орындық, Водный кентінде 600 орындық, Бескарағай ауылында 300 орындық, Аягөз қаласында 600 орындық) ашылды. Қазіргі таңда Семей қаласындағы Шығыс кентінде 300 орындық мектептің құрылысы жалғасуда», – деді облыс әкімі.

Апатты мектептерді жою бағытында Жарма ау-

данының Суықбұлақ ауылында 100 орындық мектептің құрылысы биылғы жылдың шілде айында басталды. Бұдан бөлек Семей қаласындағы №4 және №30 мектептерде қосымша ғимараттар салынуда.

Семей қаласында 2024 жылдан бері 500 орындық көпфункционалды Оқушылар сарайының құрылысы жүргізіліп келеді. Нысанның бүгінгі дайындығы 75%, толық аяқтау үшін арнайы мемлекеттік қордан 7,6 млрд теңге бөлінді.

Биыл облыстағы 12 мектепке күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге 2,9 млрд теңге бағытталды. Оның ішінде 9 мектеп толық реновациядан өтіп, заманауи жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Сонымен қатар, облыстың 75 мектебіне 131 оқу кабинеті, оның ішінде 89 жаңа модификациядағы кабинеттер сатып алынды. Жыл соңына дейін «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен тағы 36 мектепке 58 кабинет орнату жоспарланған.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ ЖАНДАНЫП КЕЛЕДІ

Абай облысында медициналық инфрақұрылымды дамыту және халыққа көрсетілетін медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында «Ауылдық денсаулық сақтауда жаңғырту» ұлттық жобасы табысты іске асырылып келеді.

2024 жылы өңір бойынша 62 алғашқы медициналық-санитарлық көмек нысаны пайдалануға берілді. Биыл Ақсуат ауданының Қожагелді және Аққала ауылдарында жаңа медициналық пункттер салынды. Жыл соңына дейін Үржар ауданында күндізгі стационары бар дәрігерлік амбулаторияның құрылысы аяқталып, пайдалануға берілмек. Арнайы мемлекеттік қордан 5,6 миллиард теңге бөлініп, үш әлеуметтік нысанның құрылысы жүргізілуде. Олар – Семей қаласында 18 жастан асқан адамдарға арналған 100 орындық психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекеме, Үржар аудандық көпсалалы орталық ауруханасы базасында «Тері» коронарлық араласу орталығы» үшін қосымша ғимарат және Аягөз аудандық көпсалалы орталық ауруханасы жанынан магнитті-резонанстық томограф орнатуға арналған қосымша нысан.

«Жалпы, биыл өңірдің денсаулық сақтау саласының материалдық-техникалық базасын нығайтуға 6,9 млрд. теңге бағытталды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес Семей қаласында 300 төсек орындық облыстық көпсалалы клиникалық ауруханасының құрылысын салуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде», - деді облыс әкімі.

Ана мен бала денсаулығын қорғау жүйесін күшейту және шалғай ауылдардағы әйелдерге медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында «Салауатты ана» пансионаты ашылды. Мұнда жүкті әйелдерге кешенді әлеуметтік-медициналық көмек көрсетіледі.

АБАЙДЫҢ 180 ЖЫЛДЫҒЫ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ӨТТІ

Биыл өңірде ұлттық өнер мен руханиятты дәріптейтін бірқатар маңызды мәдени іс-шаралар өткізілді. Абай Құнанбайұлының 180 жылдығы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасына сәйес лайықты деңгейде атап өтілді. Тұңғыш рет 10 күндік ретінде өткен хакімнің мерейтойында түрлі мәдени-рухани, танымдық, интеллектуалдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Кешенді жоспар аясында энциклопедиялық порталдың, Абайға қатысты бірқатар кітаптың тұсаукесері, ғылыми конференция, жастар арасында интеллектуалдық сайыс және Қарауылда ұлттық ойындар сынды халықаралық, республикалық, өңірлік деңгейде 100-ден астам шара атқарылды.

Сонымен қатар, мерейтой аясында Абай ауданында да инфрақұрылымдық жұмыстар қолға алынды. Семей–Қарауыл және Семей–Қайнар бағытындағы жолдарда орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Берілі ауылы мен Жидебайда байланыс сапасын жақсарту мақсатында антенналық дінгектер мен электр желілері орнатылды. Осының арқасында Абай ауданы 100% интернетпен қамтылды. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қарауыл ауылындағы Өуөзов пен Шақырім көшелерінің жолдары жөнделді. Сонымен қатар, ауылдың орталық алаңы, арбаты, «Абай елі» алаңы мен саябақтар жаңартылып, абаттандыру жұмыстары жүргізілді.

Жуырда облыс әкімдігінің атсалысуымен Рим қаласының Вилла Грациоли саябағында ұлы ойшылдың мүсіні (бюсті) орнатылды. Абай атындағы қазақ музыкалық-драма театры Талдықорған қаласында өткен халықаралық «Biken Fest – III» фестивалінде «Абай айтқан Еңлік – Кебек» спектаклімен Гран-при иеленді. Сол сияқты «Дариға» жастар театры Жезказғанда өткен халықаралық Ж. Хаджиев атындағы театр фестивалінде «Өз отыбыз өшірме» спектаклімен Гран-при жеңіп алды. Абай атындағы облыстық әмбебап кітапханасы ҚР мәдениет және ақпарат министрлігі жыл сайын ұйымдастыратын «Рухани қазына» – 2025 фестиваліне қатысып, «Үздік облыстық маңызы бар кітапхана» номинациясын иеленді. Биыл өңірімізде Қазақстан халқына қорының «Kіtar – lab» жобасы аясында 30 ауылдық кітапханаға қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

11 СПОРТ НЫСАНЫ САЛЫНУДА

Абай облысында бұқаралық спортты дамыту және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Әртүрлі спорт түрлері бойынша биыл облыстың 451 спортшысы Қазақстан Республикасының құрама командасына енді. Өңір спортшылары республикалық жарыстарда – 1 355 медаль (оның 413-і - алтын, 373-і күміс, 569-ы қола медаль), халықаралық жарыстарда - 235 медаль иеленді (оның 72-сі алтын, 66-сы күміс, 97-і қола медаль). Олимпиадалық және ұлттық спорт түрлерінен атап өтсек, Азия чемпионаттарында 30 алтын, 18 күміс, 10 қола, Өлем чемпионаттарында 4 алтын, 3 күміс, 2 қола медаль жеңіп алды.

«Елімай» футбол командасы 2024-2025 маусымды 4 орынмен аяқтады және УЕФА Конференция лигасының іріктеу кезеңіне жолдама алды. «Семей» футбол командасы 2024 жылы ел Кубогының жеңімпазы атанды. 2025-2026 жылғы маусымда чемпиондар лигасында өнер көрсетеді. «Даму бала» ақпараттық жүйесі арқылы биыл 91 спорттық секциялармен 5 515 бала қамтылған. Жыл басынан бері облыста үш жаңа спорт нысаны пайдалануға берілді. Сонымен қатар қазіргі уақытта бес нысанның құрылысы аяқталу сатысында. Бұдан бөлек облыс бойынша 1

ӨРКЕНДЕГЕН ӨНІР - АҚСУАТ

Ақсуат – тіршілігі тындырымды, халқы еңбексүйгіш өңір. Қай кезде барсаңыз да, бұл аймақтан өмірдің өз ырғағын, еңбекпен өрілген тыныс-тіршілікті байқайсыз. Ауыл адамдарының жүзі жылы, сөзі шынайы, ісі берекелі. Атына заты сай, тарихы терең, бүгінгісі де, болашағы да үмітке толы мекеннің ауыл шаруашылығы, мәдениеті, әлеуметтік дамуы қатар өркендеп келеді.

Бүгінде ауданның әр ауылында жаңару мен жаңғырудың лебі есіп тұр. Жаңа жобалар, жол мен инфрақұрылымның жақсаруы, тұрғындардың белсенділігі – осының бәрі Ақсуаттың өркендеу бағытындағы нақты қадамдарын айқын көрсетеді.

Биылғы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша, Ақсуат ауданы барлық негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша жақсы жетістіктерге қол жеткізді. Инвестиция тарту, ауыл шаруашылығын әртарап-тандыру, инфрақұрылымды жаңарту мен әлеуметтік нысандарды дамыту бағытында айтарлықтай жұмыстар атқарылуда.

Ауданға өткен жылдың желтоқсан айында Еркін Кәдірбекұлы Ескендіров басшылыққа тағайындалды. Қырыққа енді ғана толған жас басшының жұмысқа деген құлшынысы ауданның бүгінгі көрсеткіштерінен байқалып тұр. Ең бастысы, Еркін Кәдірбекұлы - осы Ақсуаттың өз перзенті. Ел мен жердің жағдайын жақсы біледі. Әр жылдары аудан әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық және төтенше жағдайлар бөлімінің басшысы, әкім аппаратының басшысы, жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы, аудан әкімінің орынбасары сияқты басшылық лауазымдарда қызмет атқарып, тәжірибе жинақтап үлгерген азамат.

Аудан экономикасы мен әлеуметтік саладағы оң серпін нақты істердің нәтижесі екені сөзсіз.

Алайда мен таң қалдым, Ақсуатқа бардым да, Не керемет!

Білмеймін, бір керемет бар мұнда.

Қадыр Мырза-Әліден асырып ешкім айта алмас...

Ақсуат - талай дала данышпандарын дүниеге әкелген, қол бастаған көсемдер мен сөз бастаған шешендердің, сайыпқыран спортшылар мен арқалы ақындардың елі. Ақсуаттағы қай сала болмасын экономикалық тұрғыдан өсім көрсетіп отыр, бұл – тұрақты дамудың айғағы. Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуын бағалауда құрғақ сандар мен көрсеткіштерден гөрі, сол көрсеткіштің артындағы нақты нәтиже маңызды. Соңғы жылдары ауданда өндіріс көлемінің артуы, ауыл шаруашылығындағы ілгерілеу, шағын және орта бизнестің жандануы – экономикалық тұрақтылықтың нақты көрінісі. Бұл – жүйелі жоспар мен дұрыс басқарудың, ең бастысы, халық еңбегінің жемісі. Экономикалық өсімнің тұрақтылығы өңірдің болашағының берік іргетасы екенін уақыттың өзі дәлелдеп отыр.

Аудан экономикасының басты тірегі — өндіріс пен инвестиция. Биылғы 9 айда 521,2 млн теңгенің өнеркәсіп өнімі өндіріліп, өсім 119,7 пайызды құрады. Негізгі капиталға салынған инвестиция 20 млрд 247,6 млн теңгеге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда 1,8 есеге артқан. Бұл Ақсуаттың инвестициялық тартымдылығы артып, жеке сектор белсенділігінің күшейгенін көрсетеді.

Аудан әкімі Еркін ЕСКЕНДІРОВ: «Ақсуат - әлеуеті зор өңір. Соңғы жылдардағы біздің басты мақсатымыз – әр саладағы көрсеткішті нақты іспен дәлелдеу. Өрбір жоба тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған».

Соңғы жылдары Ақсуат ауданында құрылыс саласының қарқыны айтарлықтай жанданды. Ауылдардың келбеті өзгеріп, жаңа нысандар бой көтеріп, тұрғын үйлер саны артуда. Бұл халықтың тұрмыс сапасының жақсарып, елді мекендердің инфрақұрылымдық әлеуетінің нығайып келе жатқанын айғақтайды. Мемлекеттік бағдарламалар мен жергілікті жобалардың нәтижесінде ауданның құрылыс саласы тұрақты даму жолына түсті. Ауданда құрылыс көлемі былтырғы жылмен салыстырғанда 4,4 есеге өсті.

Пайдалануға берілген тұрғын үйдің жалпы ауданы 8540 шаршы метр, яғни жоспардың 108,2 пайызы орындалды. Көп балалы және әлеуметтік тұрғыда аз қамтылған отбасыларға арналған 48 екі пәтерлі үйдің құрылысы жүріп жатыр.

Аудан әкімі Еркін ЕСКЕНДІРОВ: «Әлеуметтік мәселелердің ішіндегі ең өзектісі — баспана. Оның ішінде қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуді сұрағандар өте көп. Бұл мәселе мүмкіндігінше шешіліп жатыр»

Баспанасы жоқтың бабы болмайтыны белгілі. Қалтасында қаржысы жоқ талай қазақ бүгінде үйлі болуды армандап, соның жолында қам жасап әлек. Бұл - қай уақытта да өзекті мәселе. Себебі әлеуметтік-тұрмыстық жағдай тұрғын үймен тікелей байланысты. Өсіресе жаңадан шаңырақ көтерген жас отбасылар үшін өз қаржыларына баспана сатып алу тіпті қиын. Ал ауылда жастар тұрақтап қалсын десек, баспанамен қамту басты қажеттілік екені әр басшының назарында болу керек.

Ел экономикасының негізгі буыны саналатын ауыл шаруашылығының тұрақты дамуы қай кезде де мемлекеттің басты назарында.

Ауыл шаруашылығы – аудан экономикасының негізгі тірегі. Ақсуат ауданы ежелден мал және егін шаруашылығымен айналысқан өңір. Бүгінде



бұл сала аудан экономикасының басты қозғаушы күшіне айналып отыр.

Шаруашылықтар заманауи технологияларды енгізіп, өнім көлемін арттыруда. Мал басының көбеюі, жердің тиімді пайдаланылуы, агроөнеркәсіп бағытындағы жаңа жобалардың жүзеге асуы – ауыл еңбеккерлерінің маңдай терімен келген жетістіктер. Ауыл шаруашылығындағы тұрақтылық – Ақсуаттың экономикалық қуатының нақты көрінісі.

Саладағы жалпы өнім көлемі 26,8 млрд теңгеге жетіп, өсім 135,3 пайызды көрсетті. Мал шаруашылығында да ілгерілеу бар: ірі қара – 142 мың бас, қой мен ешкі – 250,6 мың бас, жылқы – 31 мың бас.

Соңғы жылдары Ақсуат ауданында ауыл шаруашылығына тартылған инвестиция көлемі айтарлықтай артты. Бұл – саладағы жаңа жобалардың өмірге жол тауып, өңір экономикасына серпін беріп отырғанының айғағы. Заманауи технологияларға негізделген мал және егін шаруашылығын дамыту бастамалары, қайта өңдеу бағытындағы өндірістердің құрылуы ауданның агросекторын жаңа деңгейге көтеріп келеді. Инвестициялық жобалар – ауылдың болашағын айқындайтын нақты қадам.

Ауданда құны 4,6 млрд теңге болатын 5 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Мәселен, «Мәуліт» шаруа қожалығы ірі қара бордақылау алаңын толық іске қосса, «Күнге-Бахта» кооперативі балық өсіру шаруашылығын жолға қойып отыр. Сонымен қатар 1000 гектар алқапқа тамшылатып суару жүйесін енгізу жобасы іске асырылуда.

Ауданда соңғы жылдары инфрақұрылымды жаңғырту бағытында да ауқымды жұмыстар атқарылуда. Жолдар жөнделіп, ауыз су мен электр желілері жаңартылып, елді мекендердің келбеті ажарланып келеді. Бұл жұмыстардың барлығы тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Жергілікті биліктің жүйелі жұмысының, мемлекеттік бағдарламалардың тиімді жүзеге асырылуының нәтижесінде ауданның әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымы жаңа серпін алды. Инфрақұрылым жаңарып, ел игілігі еселеніп келеді.

Қазіргі күні Қрығба су тоспасы мен Жаңа-Тоғам каналы қайта жаңартылып жатыр. Аудан елді мекендерінің 92,6 пайызы орталықтандырылған ауыз сумен қамтылған. Жол жөндеу жұмыстарына 754,4 млн теңге бөлініп, Ойшылк пен Ақсуат бағыттарында үлкен жобалар жүзеге асырылуда.

Ақсуат ауылының Қабанбай көшесінде төрт жолақты жол кеңейтіліп, заманауи талапқа сай абаттандырылуда.

Аудан әкімі Еркін ЕСКЕНДІРОВ: «Елді мекендердегі инфрақұрылымдарды одан әрі дамыту, әлеуметтік нысандардың құрылысын жетілдіру күн тәртібінен түспеуі керек».

Ауданда әлеуметтік сала әрқашан басты назарда. Халықтың өмір сапасын арттыру, білім мен денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру, әлеуметтік қолдау шараларын күшейту – аудан басшылығының негізгі мақсаты. Мемлекеттік бағдарламалар мен жергілікті бастамалардың тиімді жүзеге асуының арқасында жаңа әлеуметтік нысандар бой көтеріп, тұрғындарға көрсетілетін қызмет сапасы жақсарып келеді. Бұл бағыттағы жұмыстар – ауданның тұрақты дамуы мен қоғамның әл-ауқатының айқын көрсеткіші.

Аудан әкімі Еркін ЕСКЕНДІРОВ: «Аудандағы білім ошақтарының материалдық-техникалық базасын нығайту да басты назарда, бұл ретте Тоғас батыр, Би Боранбай, Сасан би атындағы орта мектептерге 18,2 млн теңгеге пән кабинеттері сатып алынды».



Білім саласында бірнеше мектептер жаңа модернизациялы кабинеттермен толықты, 153,7 млн теңге қаржыға жөндеу жүргізілді. Денсаулық сақтау нысандарында жылу жүйелері жаңартылып, аурухана қасбеті жөнделуде. Мәдениет және спорт нысандарының құрылысы жүріп жатыр – бұл ауыл өмірін жаңғыртудың маңызды бөлігі.

Аудан әкімі Еркін ЕСКЕНДІРОВ: «Жергілікті халықтың рухани дамуы және өнерін өрістетуге болашақта ауқымды жұмыстар атқарылуда. Мысалы, мемлекеттік — жеке меншік өріпестік аясында Екпін, Жәңгілей ауылдарында жаңа мәдениет үйлері бой көтерді. Кіндікті ауылындағы клуб үйіне, Қызылкесік ауылындағы мәдениет үйіне ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді».

Ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерінің бірі – жұмыспен қамту деңгейі мен кәсіпкерлік белсенділіктің артуы. Соңғы жылдары Ақсуат ауданында бұл бағытта айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді. Халықты еңбекке тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтарды ресми еңбек нарығына шығару шаралары кешенді түрде жүргізіліп келеді.

Мемлекет тарапынан жүзеге асырылып жатқан бағдарламалар аудандағы экономикалық белсенділікті арттыруға ықпал етуде. Ауыл тұрғындарының бастамаларына қолдау көрсетіліп, шағын және орта бизнесті дамыту бағытында елеулі өзгерістер бар. Кәсіпкерлікті қолдау орталықтары мен Мансап орталығы, халыққа кеңес берумен қатар, гранттық және микронесиелік бағдарламаларға қатысуға мүмкіндік ұсынуда.

Жастар мен әйелдер кәсіпкерлігіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Кәсіп бастаған жас мамандар мен ауыл тұрғындары мемлекеттік гранттар алып, мал шаруашылығымен ғана айналысып қоймай, қызмет көрсету және ауыл шаруашылығының басқа да салаларында өз ісін дөңгелетіп отыр. Сонымен бірге кәсіпкерлікті дамытудың инфрақұрылымдық негіздері нығайтылып, ауыл-аймақтарда заманауи өндіріс және өңдеу нысандары ашылууда.

Аудан экономикасына серпін беріп отырған тағы бір бағыт – шағын несиені және жеңілдетілген қаржы тетіктерін пайдалану. Бұл механизм ауыл тұрғындарының өз кәсібін дамытуына және табысын арттыруына нақты мүмкіндік туғызды. Ал мемлекеттік қолдаулар мен оқыту жобалары халықтың экономикалық сауаттылығын арттырып, кәсіпкерлік мәдениетті қалыптастыруға жол ашып отыр.

Ақсуатта биыл 9 айда 1104 жаңа жұмыс орны ашылып, жоспардың 78 пайыздан астамы орындалды. Ауданда 1973 шағын және орта бизнес нысаны жұмыс істейді. 9 кәсіпкер өз бизнес-идеяларын жүзеге асыру үшін қайтарымсыз грант алды.

Жалпы, жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті қолдау саласындағы тұрақты өсім – Ақсуат ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды нәтижелерінің бірі. Еңбек нарығындағы оң динамика мен бизнестегі белсенділіктің артуы – халықтың әл-ауқатының жақсаруының нақты көрінісі. Алдағы кезеңде аудан билігі осы бағыттағы қолдау шараларын кеңейтіп, жаңа инвестициялық жобаларды іске асыру арқылы жұмыс орындарын көбейтуге және тұрғындардың табысын арттыруға басымдық бермек.

Аудан әкімі Еркін ЕСКЕНДІРОВ: «Ақсуат ауданы үшін биылғы жыл әлеуметтік-экономикалық, инфрақұрылымдық жобалардың іске асуымен есте қалды. Алдағы уақытта да жүйелі жұмыстар жалғасын табатын болады, алдымызға ауқымды мақсат-міндеттер қойып отырмыз».

Ақсуаттың тазалығы мен бүгінгі келбеті - өңірді мекендеп жатқан азаматтардың еңбегінің жемісі. Биылғы жылдың өзінде абаттандыру жұмыстары аясында жаңа аллея, жаяу жүргіншілер жол белгілері, жарық шамдар, балалар ойын және спорт алаңдары орнатылды. Құны 1,6 млрд теңге болатын 9 кәсіпкерлік нысанның құрылысы жүріп жатыр. Бұл – жергілікті бизнестің дамуы, аудан орталығының келбеті жаңарғанының көрінісі.

Ақсуат ауданының биылғы тоғыз айдағы әлеуметтік-экономикалық даму қарқыны жүйелі жоспар мен нақты іске негізделген.

Инвестиция тарту, ауыл шаруашылығын жаңғырту, жол мен инфрақұрылым саласындағы серпіліс ауданның алдағы жылдардағы өркендеуіне мықты іргетас болмақ.

Өткен аптаның соңында біз Ақсуат ауданында болып, ауданның бүгінгі тыныс-тіршілігімен жақынырақ таныстық. Бірнеше білім ордасын аралап, шәкірт тәрбиелеп жүрген ұстаздармен пікірлесіп, олардың тынымсыз еңбегіне тағы бір мәрте сүйсінімді. Аудандық емханада болып, халық денсаулығын сақтау жолында қызмет етіп жүрген ақ халатты абзал жандардың жауапкершілігі мен жанашырлығына куә болдық. Кездесулерден алған әсер ерекше.

Сондай-ақ Көкжыра мен Екпін ауылдарында болып, еңсесін тіктеп, еңбегімен ел мерейін өсіріп жүрген шаруалардың тіршілігін көзімізбен көрдік. Өркендеген өңір ауыл адамдарының тынымсыз тірлігін, берекелі еңбегін айғақтап тұр.

Бүгінгі Ақсуат – заман ағымына сай жаңарып, жаңғырып келе жатқан өңір. Бұл мекенде еңбек пен ынтымақ бар жерде ырыс пен береке қатар өрілетінін айқын сезіндік.

Таусылмайды бұл жерде сый түні мен сый күні,

Ақсуаттың қонағы білмеу керек ұйқыны.

Ақсуаттың қонағы — баласы да, қарты да,-

Аттанады амалсыз, қарай-қарай артына! —

деп осы өңірді жығға қосқан Қадыр ақыннан асырып кім айта алады.

Бүгінгі Ақсуаттың дамуы – ауылдың әлеуеті мен азаматтық ынтымақтың айғағы.

Риза АСАНҚЫЗЫ



АҚСУАТ

ЖАҢА АЛЛЕЯ АШЫЛДЫ

Ақсуат ауылында жаңа демалыс орны пайдалануға берілді. Қабанбай батыр көшесінде орналасқан аллея ауыл келбетін айшықтай түсті.

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tanu»

Жалпы ауданы 7 мың шаршы метрді алып жатқан демалыс орны аудан әкімі Еркін Ескендіровтің ауылдарды абаттандыру жөніндегі тапсырмасы аясында ашылды. Заман талабына сай салынған аллеяда балалар ойын алаңы, жаяу жүргіншілерге арналған жолдар, орындықтар мен жарық шамдары орнатылған. Кешкі уақытта шамдар самаладай жарқырап, ауыл орталығына ерекше сән беріп тұр.

Аудан басшылығының айтуынша, алдағы көктемде тұрғындар мен қонақтарға жайлы тынығу аймағы қалыптастырылмақ, аллея аумағы көгалдандырылып, түрлі ағаштар мен сәндік бұталар отырғызылады, гүлзарлар жасалып, сұбұршақ орнатылады.

Жаңа аллея қазірдің өзінде ауыл тұрғындарының сүйікті орнына айналып үлгерді. Тұрғындар мұнда отбасымен келіп балаларын ойнатып, таза ауада демалып, серуендеп қайтады.

Бұл игі іс – ауылдарды көркейту мен халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға бағытталған жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі. Заманауи талаптарға сай салынған демалыс аймағы Ақсуаттың ажарын айшықтап, әлеуметтік және мәдени дамуына серпін берері сөзсіз.



Шымкент қаласында тоғызқұмалақтан өткен жастар арасындағы Қазақстан Республикасының командалық чемпионатында Абай облысының қыздар құрама командасы үздік өнер көрсетіп, жүлделі II орынды иеленіп қайтты.

ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНДА

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tanu»

Зияткерлік ойынды серік еткен өркендер арасында Ақсуат ауданы Марат Имашев атындағы балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің шәкірттері Нұрай Мұхитқызы мен Кәусар Айдынқызы ерекше көзге түсті. Жас спортшылар жоғары деңгейдегі дайындықтарын көрсетіп, облыстық құраманың жеңіске жетуіне зор үлес қосты.

Тартысты кездесулерде ақсуаттық жас спортшылар жасамаша ойын өрнегін көрсетті. Қыздарымыздың табандылығы мен есепке жүйріктігі, стратегиялық ойлау шеберлігі бапкерлер мен төрешілердің, жанкүйерлердің жоғары бағасына ие болды. Бұл жетістік – өңір спортшыларының еңбекқорлығының, бапкерлердің еңбегінің және ұлттық ойынға деген сүйіспеншіліктің нәтижесі.

Марат Имашев атындағы спорт мек-

тебінің шәкірттері жарыстардан жүлдесіз қайтып көрген емес. Таяуда ғана Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында дзюдо күресінен жасөспірімдер арасында өткен Жалынбек Абжановты еске алуға арналған облыстық ашық турнирде де үздік нәтиже көрсетті.

Бұл жарыста да өңірдің әр түрлі ірінен келген жас балуандар татами үстінде өз шеберліктерін сыңға салды. Ақсуаттық жас спортшылар табандылығы мен жақсы дайындығының арқасында жалпы есеп бойынша 3 алтын, 4 күміс және 6 қола медаль жеңіп алды.

М. Имашев атындағы спорт мектебінің тәрбиеленушілері облыс намысын абыроймен қорғап, Ақсуат спорт мектебінің биік беделін тағы бір мәрте дәлелдеді. Бұл жетістіктер, ең алдымен, жас спортшылардың қажырлы еңбегі мен табандылығының, сонымен қатар спорт мектебі жаттықтырушыларының жүйелі дайындық жұмыстарының нәтижесі.



ЖАРМА

ТЕХНИКАЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҒЫ ТЕКСЕРІЛДІ

Қыс мезгілінде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету – ерекше назар аударатын маңызды мәселенің бірі. Аязды күндер мен көктайғақ кезінде жолдағы тәртіптің сақталуы, арнайы техниканың сақадай сай тұруы тұрғындардың қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.



Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ, «Semei tanu»

Алдағы күндері күтілетін қолайсыз ауа райына байланысты Жарма аудандық полиция бөлімі әкімшілік полиция бөлімшесінің

қызметкерлері «ҚазАвтоЖол» мекемесінің қысқы маусымға арналған техникаларының дайындығын тексерді.

Тексеру барысында жолдарды тазалау, қар күреу және құм-тұз қоспасын себу жұмыс-

тарын жүргізетін техникалардың жарамдылығы мен толық жабдықталуы қаралды. Сондай-ақ жүргізушілердің жол қауіпсіздігі талаптарын сақтауы, қажетті қорғаныс және байланыс құралдарымен қамтамасыз етілуі назарға алынды.

Мұндай шаралар ауа райының қолайсыз кезеңінде жол-көлік оқиғаларының алдын алу және көлік қозғалысының үздіксіз әрі қауіпсіз болуын қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

Аудандық полиция бөлімі қызметкерлері қыс мезгілінде жолдарды дер кезінде тазалау мен көктайғақтың алдын алу тұрғындардың қауіпсіздігі мен көлік қозғалысының тұрақтылығын қамтамасыз етудің басты шарты екенін айтады. Құзырлы органдар тұрғындарды ауа райы болжамына назар аударып, жолда аса сақ болуға және көліктерін қысқы маусымға толық дайындауға шақырады.



ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

8 қарашада Қазақстанда Мемлекеттік статистика күні аталып өтеді. Биыл бұл кәсіби мерекенің тарихына 105 жыл толып отыр. Осы мерекеге орай Жарма ауданында салтанатты кеш өтіп, сала ардагерлері мен қызметкерлеріне құрмет көрсетілді.

Еркежан ҚАЙСА, «Semei tanu»

Салтанатты кешке аудан әкімі Нұрлан Борсықбаев, сала қызметкерлері мен ардагер мамандар, сондай-ақ арнайы шақырылған қонақтар қатысты.

Аудан басшысы құттықтау сөзінде статистика саласының қоғам өміріндегі маңыздылығына тоқталды.

– Статистика – мемлекеттің даму көрсеткіштерін айқындайтын, барлық саланың шешім қабылдау процесіне негіз болатын аса маңызды бағыт. Сіздер күн сайын халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын нақты деректер арқылы көрсетіп, еліміздің өркендеуіне өз үлестеріңізді қосып келесіздер. Өрбір көрсеткіштің артында үлкен жауапкершілік пен тиянақтылық жатыр. Сіздердің еңбектеріңіз – мемлекеттің даму стратегиясын айқындаудағы сенімді тірек. Еңбектеріңіз жемісті болсын! – деді Нұрлан Борсықбаев.

Мерекелік кеште аудан басшысы ұзақ жыл адал еңбек етіп, статистика саласының дамуына өзіндік үлесін қосқан мамандар – Бақыт Лепесова мен Зәуре Әлиеваны алғыс хатпен марапаттады. Нұрлан Мұхаметрақымұлы марапат иелерін құттықтап, олардың жауапты да маңызды саладағы қажырлы еңбегіне жоғары баға берді.

Статистика саласында көп жылдық тәжірибесі бар, өз ісіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын білікті мамандар Бақыт Бауыржанқызы мен Зәуре Хасенқызы ауданның әлеуметтік, демографиялық және экономикалық даму көрсеткіштерін жинақтап, талдау жұмыстарын жүргізіп келеді. Мемлекеттік статистика қызметінің басты міндеті халықтың әл-ауқаты мен ел дамуының негізгі бағыттарын сандық тұрғыдан айқындау болса, бұл ретте Бақыт Бауыржанқызы мен Зәуре Хасенқызы сынды кәсіби мамандардың еңбегі зор. Сала қызметкерлерінің жүйелі жұмысы аудандың деңгейде қабылданатын шешімдердің тиімділігіне тікелей әсер етеді.

ӨЙЕЛ КӨШБАСШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН СЕМИНАР

Астана қаласында ҚР Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия және Мемлекеттік басқару академиясының бірлесе ұйымдастыруымен аудандар мен ауылдық округтердің әйел әкімдеріне арналған семинар-тренинг өтті.

Еркежан ҚАЙСА, «Semei tanu»

Мемлекеттік басқару саласындағы әйел көшбасшылардың кәсіби қузыреттерін арттыру, адамға бағдарланған басқару моделін дамыту, сондай-ақ инклюзивті басқару мен гендерлік теңдікті нығайту бағытында тәжірибе алмасу мақсатында өткен семинар барысында қатысушыларға мемлекеттік басқарудағы заманауи тәсілдер, әлеуметтік саясатты іске асырудың тиімді тетіктері, қоғаммен өзара байланыс орнатудың жаңа әдістері туралы жан-жақты ақпарат берілді.

Семинар бағдарламасы мазмұнды әрі жан-жақты болды. Жиынның тәжірибелік бөлімінде қатысушылар стратегиялық менеджмент пен көшбасшылық, басқарушылық ойлау қабілетін дамыту, тиімді шешім қабылдау және жергілікті деңгейде нәтижелі команда қалыптастыру тақырыптарын талқылады. Азаматтармен байланыс орнату мәселелерінде де басты назар аударылды. Әйел әкімдер тұрғындармен сенімді диалог орнату, сұраныстарға дер кезінде жауап беру және тұрақты кері байланыс



тетіктерін қалыптастыру тәжірибелерімен бөлісті.

Аталған семинарға Жарма ауданының Шалабай ауылдық округінің әкімі Жанар Есембаева да қатысып қайтты. Жанар Есембаева ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттыруға бағытталған әлеуметтік жобалар, әйелдердің қоғамдағы рөлін күшейту және жастарды еңбекке баулу бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтты. Жерлесіміз елдің түкпір-түкпірінен келген әріптестерімен пікір алмасып, мемлекеттік қызметті тиімді ұйымдастырудың жаңа

әдістерін меңгеруге мүмкіндік алғанын айтады.

Семинарда әйел көшбасшылығы тақырыбы жан-жақты талқыланып, пікірталастар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан» атты Жолдауы аясында өрбиді.

Осындай оқыту форматтары әйел әкімдердің кәсіби біліктілігін арттырып қана қоймай, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатын жаңа буын – заманауи, белсенді және жауапты әйел көшбасшыларды қалыптастыруға жол ашады.

ҮРЖАР

ҰЛТТЫҚ ЖОБА АЯСЫНДА

Халық денсаулығын қорғау – мемлекеттің әлеуметтік саясатының басым бағыттарының бірі. Елімізде, оның ішінде біздің облыста денсаулық сақтау саласын дамыту бағытында көптеген жұмыстар атқарылууда. Әсіресе ауылдық жерлерде медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін арттыру үшін ауқымды істер қолға алынды. Жаңа нысандар салынып, қолданыстағылары жаңғыртудан өткізілуде.

Бұл игі істерден Үржар ауданы да шет қалған жоқ. Биыл «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Үржар ауылында 10 төсектік күндізгі стационары бар 50 келушіге арналған дәрігерлік амбулаторияның құрылысы жүргізілуде. Жобаның жалпы құны – 612,8 млн теңге. Бұл нысан пайдалануға берілген соң аудан орталығындағы медициналық қызмет сапасын едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы шеңберінде ауданның 7 елді мекенінде (Лайбұлақ, Қарабұйрат, Батпақты, Жоғарғы Егінсу, Ер Қабанбай, Благодатное, Некрасовка) алғашқы медициналық-санитарлық көмек көрсетуге арналған фельдшерлік-акушерлік пункттер, дәрігерлік амбулаториялар және медициналық пункттердің құрылысы толықтай аяқталды.



Аудан үшін тағы бір маңызды әрі қуанышты жаңалық – Үржар ауылындағы орталық аудандық аурухана жанынан салынып жатқан «Ітері асты тамырлардың коронарографиясы (Инсулты орталығы)» құрылысы. Жобаның жалпы құны – 3 млрд 37,8 млн теңге. Бұл жобаны арнайы мемлекеттік қор есебінен жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта құрылыс жұмыстары белсенді түрде жүргізіліп жатыр.

Мұнымен қатар Ақжар ауылындағы «Үржар балаларға арналған арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының ғимаратына қосымша салынып жатқан екі қабатты нысанның құрылыс жұмыстары жалғасуда. Бұл мақсатқа 68,5 млн теңге бөлінген. Сондай-ақ орталықтың қолданыстағы екі қабатты оқу ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 89 млн теңге жұрты бағытталды. Бүгінгі таңда жөндеу жұмыстары толықтай аяқталды.

Аудан көлемінде жүзеге асып жатқан бұл жобалар тұрғындардың өмір сапасын жақсартып, ауылдық жерлерде сапалы медициналық қызметтің қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

Өз тілшіміз



• МАҚАНШЫ

ҚОНАҚ ҮЙІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Облыс әкімінің тапсырмасымен Мақаншы ауданының орталығы Мақаншы ауылында 50 орындық «Бақ» қонақ үйі ашылды. Жоба өңірге инвестиция тарту және туризмді дамыту бағдарламасы аясында жергілікті кәсіпкер Болат Сүлейменұлының бастамасымен жүзеге асырылды.

Заманауи талаптарға сай салынған жаңа қонақ үйі ауданға келген туристер мен қонақтарға жайлы жағдай ұсынады. Мұнда әр санаттағы қолайлы нөмірлер, кең дәліз, асхана және басқа да бөлмелер қарастырылған.

Қонақ үйінің ашылуына байланысты 30 жаңа жұмыс орны құрылып, шағын бизнестің дамуына және аудан тұрғындарының жұмыспен қамтылуына оң ықпал етті.

КӨМІР БАҒАСЫ БАҚЫЛАУДА

Дәурен Қойгелдиннің тапсырмасымен көмір бағасын тұрақтандыру және халыққа қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында арнайы мониторингтік топ құрылды.

Топ құрамында әкімдік өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері мен белсенді азаматтар бар. Аудан басшысы топ мүшелеріне тұрғындарға арналған көмір бағасын бақылауға алуды тапсырды.

Топ мүшелері бағаның негізсіз қымбаттауына жол бермеу үшін көмір тасымалдаушылармен және са-тушылармен кездесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында көмірдің негізсіз қымбаттауы мен алыпсатарлықтың алдын алу, сондай-ақ баға тұрақтылығын сақтау мәселелері талқыланды.

Нәтижесінде аудан бойынша көмірдің шекті бағасы белгіленіп, қатты отынның тұрақты жеткізілуі қамтамасыз етілді.

Мақаншы ауданы әкімдігі тарапынан бағаның негізсіз өсуіне жол бермеу бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

• КӨКПЕКТІ

17 ЖОБА ІСКЕ АСЫРЫЛДЫ

Көкпекті ауданында елді мекендерді абаттандыру және тұрғындардың өмір сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

2024 жылы жалпы құны 20,9 млн теңгені құрайтын екі жоба жүзеге асырылды. Ажа ауылында воркаут алаңы және Көкпекті ауылында спорт алаңы салынды.

Биыл жалпы құны 222,2 млн теңгені құрайтын 17 жоба іске асырылды: Биғаш, Үлкенбекен, Жансары, Преображенка, Черноярка, Үкілқызы, Теректі, Үшкөмей, Ақой, Қарамойыл, Толағай және Көкпекті ауылдарында балалар ойын алаңдары, ал Биғаш, Ақой және Үлгілімалшы ауылдарында шағын футбол алаңдары ашылды.

Ауылдардың әлеуметтік инфрақұрылымын жақсартуға бағытталған бұл жобалар жергілікті тұрғындардың ұсыныстары негізінде әзірленген. Нәтижесінде аудан бойынша балалар мен жастардың бос уақытын тиімді өткізуге және бұқаралық спортты дамытуға жаңа мүмкіндік туды.

ТАЭКВОНДОШЫЛАР ТОП ЖАРДЫ

Семей қаласында таэквондодан (WT) балалар мен қадеттер арасында өткен ашық турнирге Көкпекті ауданының №1 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің тәрбиеленушілері де қатысып, жүлделі орындарға ие болды.

Жарыста көкпектілік спортшылар Нұрәли Жанұзақов және Арнұр Алтынбеков 61 келі салмақта, Айкама Садвакасова 59 келі, Малика Искакова 38 келі, Алинух Сейтпеков 22 келі, Самир Нигматуллин 26 келі, Нұртас Дәулетхан 37 келі салмақ дәрежесінде өз өнерлерін көрсетті.

Көкпектілік таэквондошылардың жеңісі ауданның беделін көтеріп, жастардың спортқа деген қызығушылығын арттырды.

• АҚСУАТ

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Ақсуат ауданы әкімінің орынбасары А.Аққазин жұмыс сапарымен Кіндікті ауылдық округінде болып, мемлекеттік – жеке меншік серіктестік аясында салынып жатқан қос пәтерлі екі тұрғын үйдің құрылыс барысымен танысты.

Тұрғын үйлердің құрылысы ауыл тұрғындарын баспанамен қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған. Жоба мемлекеттік және жеке инвесторлардың бірлескен қаржыландыруы негізінде іске асырылып отыр.

Сапар барысында әкімнің орынбасары құрылыс нысандарындағы жұмыстардың сапасына және мерзімінде орындалуына ерекше назар аударып, мердігер компания өкілдеріне тапсырмалар жүктеді.

А.Аққазин нысанды алдағы желтоқсан айының 10-на дейін толық аяқтап, пайдалануға беруді міндеттеді.

– Өрбір отбасы үшін баспана – ең басты қажеттілік. Сондықтан құрылыстың сапасы мен мерзімі қатаң бақылауда болады, – деді аудан әкімінің орынбасары.

Жаңа үйлер пайдалануға берілген соң, ауылдағы тұрғын үй кезегінде тұрған төрт отбасы қоныс тойын тойламақ.

• СЕМЕЙ

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІН ТЫҢДАДЫ

Қала әкімі Әділет Қожанбаев Энергетик, 7 мекенжайының тұрғындарымен кездесті. Әкім бұған дейін де, сайлауды үгіт-насихат кезеңінде аталған шағын ауданда болып, тұрғындардың мәселелерін тыңдаған болатын.

Кездесу барысында тұрғындар өздерін тұрғанды-рған бірқатар мәселелерді жеткізіп, күнделікті тұр-мысқа қатысты өтініштерін айтты. Әсіресе балаларға арналған спорттық алаңдарды аяқтап беруді сұрады.

Әділет Қожанбаев тұрғындардың әрбір өтінішін мұқият тыңдап, мәселелерді шешу үшін тиісті бөлімдерге нақты тапсырмалар берді.



Топырағы құнарлы, жері шұрайлы Бородулиха ауданында ауылшаруашылығы саласының дамуы қарқынды деңгейде. Жергілікті тұрғындар ертеден-ақ түгін тартсаң, майы шығатын мекенде қолда бар мүмкіндікті пайдаланып, жер игілігін көруге де, мал басын өсіруге де тереңінен ден қойған. Осы тұрғыда Бородулиха ауданына арнайы барып, ауылдарында болып, аудан әкімі Айдар ИБРАЕВ пен де сұхбаттасудың сәті түскен еді.

Айдар ИБРАЕВ:

«АУДАН ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ҚАРҚЫНЫН САҚТАП ОТЫР»

- Айдар Маратұлы, алдымен Бородулиха ауданының әр саладағы тыныс-тіршілігі жайында өңгімелеп берсеңіз...

- Облыс орталығымен іргелес орналасқан біздің ауданның өзіндік ерекшелігі бар. Аудандағы шаруашылықтар егіс алқаптарынан өнім алып қана қоймай, мал басын көбейту арқылы аудан экономикасының дамуына сүбелі үлес қосып келеді.

Нақты дерекке тоқталсақ, биылғы жылдың басынан қазан айына дейін ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 45 792,4 миллион теңгені құрады. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 114,8 пайыздық өсімді көрсетеді.

Жыл соңына дейін ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 89 280,6 миллион теңгеге жетеді деп жоспарланып отыр. Мал шаруашылығы өнімдерінің артуы да агроөнеркәсіп саласындағы оң нәтижелердің бірі.

- Тұрғын үй, құрылыс саласының қарқыны жайында не айтасыз?

- Жыл басынан бері аудан бойынша 1464 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін жалпы ауданы 4590 шаршы метр болатын 27 екі пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, ел игілігіне берілетін болады. Жалпы жылдық жоспар 6 000 шаршы метр, бұл өткен жылмен салыстырғанда 45 пайызға жоғары көрсеткіш.

Құрылыс жұмыстарының жалпы көлемі 2025 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында 8,8 миллиард теңгені құрап, былтырғы кезеңмен салыстырғанда 10 пайызға артты.

Жыл қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 14 миллиард теңгеге жетіп, өсім 123,7 пайыз деңгейінде болады деп күтілуде.

- Шағын және орта бизнес, сауда саласында қандай көрсеткіштер бар?

- Ауданда шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Жоспар бойынша жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 1 635 бірлікті құрауы тиіс, қазіргі уақытта 1 502 субъект нақты жұмыс істеп тұр. Бұл – өткен жылдың сәйкес кезеңінің 96,5 пайызы. Жыл соңына дейін бұл көрсеткішті 1 674 бірлікке дейін жеткізу көзделіп отыр. Көтерме сауда айналымы бойынша айтар болсақ, оның көлемі 1900,2 млн теңгені құрады (жоспар – 2447,1 млн теңге). «МакТрейдСемей» ЖШС-де жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстарына байланысты компания қызметі уақытша тоқтатылғандықтан, көрсеткіш төмен болып отыр. Жөндеу жұмыстары қараша айында аяқталады деп күтілуде.

Статистика органдарына көтерме сауда бойынша есепті тек 5 респондент тапсырады. Жалпы, 2025 жылғы қаңтар – желтоқсанға арналған көтерме сауда айналымының жоспары 3686,9 млн теңге, ал бөлшек сауда көлемі бойынша жоспар – 17 940,6 млн теңге.

- Аудандағы шаруа қожалықтарының даму қарқыны туралы не айтасыз?

- Өздеріңіз жақсы білесіздер, біздің ауданда іргелі шаруашылықтар баршылық. Олардың арасында мемлекеттік қолдау арқылы заман талабына сай техникалар алып, егін шаруашылығы арқылы оң нәтиже көріп отырғандар аз емес. Мәселен, «Лада» шаруашылығы туралы айтатын болсақ, онда бидай, қарақұмық, күнбағыс және мал азығы дақылдары өсіріліп, күнбағыс майы өңделеді. Жалпы егіс алқабы 4 мың гектардан асады. Шаруа қожалығының басшысы Александр Романовтың ізденісінің нәтижесінде ауыз толтырып айтарлық кәсіпорынға айналып отыр. «ҚазАгроҚаржы» АҚ-мен 23 жылдан бері серіктестік байланыс орнатқан. Осы уақыт ішінде шаруашылық компания арқылы 368 млн теңгеге 20-дан астам техника лизингке алған. Оның ішінде МТЗ және Buhler тракторлары, Essi және Vector комбайндары, себу кешені мен басқа да ауылшаруашылық машиналары бар. Лизингтің төмен пайыздық мөлшерлемесі негізгі құралдарды жаңартуға және өнімділік күшін жоғалтпай жинауға мүмкіндік берді. Шаруашылық иесінің заман талабына сай қуатты және өнімділігі жоғары техникаларға қол жеткізіп отырғаны қуантады. Оның кәсіпорнын байқау болсаңыз, жүйелі жұмыстың тиімді жолын тапқан. Мәселен, бұрын күнбағыс егуге үш адам қажет болса, бұл шаруашылықта оны бір оператор ғана орындайды. Негізгі айтарлығы - «Лада» – фермердің өкесі негізін қалаған отыз жылдан бері даму үстіндегі отбасылық бизнес. Бүгінде шаруашылық көлемі де, ұрпақ сабақтастығы да артып отыр. Аудандағы 22 адамды жұмыспен қамтып отырған іргелі шаруашылық. Жоғары өнімділік қуатты техника мен білікті кадрлардың үйлесімді жұмысының нәтижесі. Ал, Зенковқа ауылында орналасқан «Зенковское» шаруашылығының жер қоры 5 мың гектардан асады және жыл сайын қолданыс аясын кеңейту үстінде. Негізгі бағыты – дәнді, бұршақ және майлы дақылдарды өсіру. Кәсіпорында жыл бойы 45 адам тұрақты жұмыс істейді. Шаруашылыққа 20 жылдан астам уақыт болған, осы кезеңде ол өңірдегі озық агроқұрылымдардың біріне айналды. Бұл аграрлар әулетінің өкілі, агроном маманы Мәдижан Құрамысовтың еңбегі. Ол дәстүр мен заманауи технологияларды ұштастырып, инновацияларды тұрақты енгізіп келе жатқан азамат. «Зенковское» ЖШС-нің табысының басты құпиясы – ғылым мен тәжірибені үйлестіре білу, соның нәтижесінде техникалар паркін кеңейте түскені де табысқа ұмтылысы зор екенін байқатады. «Новая Заря» шаруа қожалығы ірі қара



мал басын көбейтіп, сүт өнімдерімен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарып отыр. Сонымен қатар «Лазарев и К», «Жерновское», «Березка» шаруашылықтары жылдан-жылға даму үстінде. Мемлекет басшысы айтқандай, қазақта «Еңбегіне қарай – өнбегі» деген сөз бар. Мұндай істерді, ең алдымен, ауыл халқының ерен еңбегінің жемісі деуге болады. Мемлекет тарапынан да тиісті жұмыс жүргізіліп, қажетті көмектер көрсетіліп жатыр. Жалпы, айтатын басты нәрсе, аудандағы шаруашылықтар мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдауларды мейлінше игеріп отыр.

- Ауданда инвестиция тарту бағытының орындалуы қалай?

- Негізгі бұл салада біраз мәселе туындап қалғаны рас. Өткен жылғы жоспар мен деңгейден артта қалудың себебі логистикалық қиындықтардан да, техникалық параметрлерді қосымша келісу қажеттілігінен де туындаған жеткізушілермен жасалған келісімшарттар бойынша жабдықты жеткізудің кешігуінен де болды. Бұл күрделі салымдарды игеру кестесінің өзгеруіне және жоспарланған көрсеткіштердің белгіленген мерзімде орындалуына айтарлықтай әсер етеді. Қосымша инвестициялар көлемінің төмендеуіне ауданның ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерінің (ірі шаруа қожалықтары мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді қоса алғанда) ауыл шаруашылығы техникасымен қамтамасыз етілуінің жоғары деңгейі әсер етті: парктің жинақталу деңгейі шамамен 99% - ға жетті, бұл жоспарда көзделген қосымша сатып алуды жүзеге асыруда экономикалық орындылықтың болмауына алып келді. Дегенмен, Бородулиха ауданы өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамыту, құрылыс көлемін арттыру және сауда айналымын ұлғайту бағытында тұрақты өсімді көрсетуде. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштердің басымы бөлігі бойынша аудан жоспарлы межелерге қол жеткізіп, экономикалық өсудің оң қарқынын сақтап отыр.

- Жақында аудан халқы көптен күткен нысандардың пайдалануға берілуінде біраз істер атқарылғаны байқалады.

- Оның бір көрінісі ретінде Абай атындағы аудандық мешіттің жергілікті жұртқа есігін айқара ашқанын көруге болады. Бұл оқиғаны тек жаңа ғимараттың емес, ел рухының, иман мен бірліктің салтанат құрған күні болды деуге болады. Мешіттің іргетасы 2022 жылы қаланған болатын. Сол күннен бастап аудан тұрғындары мен кәсіпкерлер, шаруа қожалықтарының басшылары, зейнеткерлер мен жастар жұмыла кірісіп, ор-



тақ іске үлес қоса білді.

Жобаның бастамашысы — Ерлан Өмірбекұлы Зайтенов, ал құрылыс барысына ұдайы ұйымдастырушылық және материалдық демеу көрсеткен — Талғат Оразбаев сынды ел азаматтары. Осынау игілікті іске Бородулиха жұрты ғана емес, еліміздің түкпір-түкпірінен келген меценаттар да белсенді қатысып, «жақсының аты, жақсының ісі өлмейді» деген қағиданы тағы бір дәлелдеді. Екі қабатты, төрт мұнаралы, жалпы аумағы 270 шаршы метрден асатын сәулеті мен сәні келіскен ғимаратта барлық қажеттіліктер бар. Атсалысқан барша қауымға алғысымды білдіремін.

- «Ауыл - ел бесігі» бағдарламасының орындалуы барысы, аудандағы жолдардың жөндеуі қалай жүріп жатыр?

- Бородулиха ауданында «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында бірнеше көше жаңартылды. Ауданда жол инфрақұрылымын дамыту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жалпы ұзындығы 718 шақырымды құрайтын автомобиль жолдарының ішінде республикалық маңызы бар жолдар – 96 шақырым, облыстық маңызы бар жолдар – 272 шақырым, ал аудандық маңызы бар жолдар – 337 шақырым. Қазіргі таңда «Новопокровка – Белағаш» және «Бородулиха – Жерновка – Поллог» бағыттарында жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Биыл республикалық маңызы бар «Семей – Ресей Федерациясының шекарасы» бағытының 19–46 шақырымдық бөлі-

гінде ресайклинг әдісімен орташа жөндеу жүргізілді. Бұл жұмыстар өңірлер арасындағы көлік қатынасын жақсартып, транзиттік әлеуетті арттыруға ықпал етеді. Облыстық маңызы бар жолдарда да бірқатар маңызды іс-шаралар жүзеге асырылды. «Воскресеновка – Петропавловка – Шелехово – Белағаш – Дмитриевка» бағыты бойынша шұңқырларды жамау жұмыстары атқарылды. Ал «Новопокровка – Петропавловка – Ресей Федерациясының шекарасы» жолының 20 шақырымдық бөлігіне күрделі жөндеу қажеттілігі туындап отыр. Сонымен бірге «Бородулиха – Жезкент» жолының 0–12 шақырымды орташа жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. «Дмитриевка – Бородулиха – облыс шекарасы» бағытының бірнеше учаскесінде де жол жабындысын қалпына келтіру қолға алынған болатын. олардың 74,2 пайызы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда. Сонымен қатар елді мекендердің ішкі көшелерін жөндеу де назардан тыс қалған жоқ. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Песчанка және Зенковқа ауылдарының көшелері жаңартылып, аудандық бюджет есебінен Бородулиха, Новопокровка, Зубаир және Новая Шульба ауылдарында да тиісті жұмыстар атқарылды дегуге толық негіз бар.

- Сұхбатыңызға көп рахмет. Аудан өркендей берсін!

Сұхбаттасқан
Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ,
«Semei tauy»



«Адам туған жерін емес, туған жері адамды биік етеді»

Аягөз қаласынан 177 шақырым, Семейден 527 шақырым қашықтықта орналасқан Баршатас ауылдық округінің жалпы аумағы 36 688 гектарды құрайды. Шөлейт, таулы жерге жайғасқанымен, ауылдың төсін көктем сайын Бақанас өзені жарып өтеді. Бұл өзен кейін Балқаш көліне барып құяды. Солтүстігінде Байқошқар, батысында Малкелді, оңтүстігінде Қосағаш, шығысында Айғыз ауылдарымен шектесетін Баршатас географиялық тұрғыдан тиімді аймақта. Ауыл арқылы республикалық маңызы бар Аягөз – Қарағанды автокөлік трассасы өтеді.

Қазіргі таңда округте 1316 тұрғын бар, 400 отбасы түгін түтетіп отыр. Халықтың 99 пайызы — қазақтар. Қысы ұзақ, боранды. Сәуірдің соңында ғана аяз қайтып, қыркүйектің екінші онкүндігінен бастап қайта суытады. Қардың қалыңдығы 40-50 сантиметрге дейін жетеді. Табиғаттың осындай қаталдығы бұл жердің халқын еңбекқорлық пен төзімге баулығанды әсерде қалдырады.

Ауылдың әлеуметтік тынысына тоқталар болсақ, Баршатаста барлық негізгі әлеуметтік нысандар жұмыс істеп тұр. Орталық ауруханада 4 жоғары білімді дәрігер, 20 орта буын медицина қызметкері еңбек етеді. Ауылдық полиция бөлімінде 12 адам қызмет атқарады.

2010 жылы «Балапан» бағдарламасы бойынша жаңа типтегі балабақша пайдалануға беріліп, 21 адам жұмысқа орналасты. Қазіргі таңда 50 бала тәрбие алуда.

Халыққа қызмет көрсету орталығы, ауа райын болжау станциясы, малдәрігерлік зертхана ауыл тіршілігіне тікелей үлес қосуда. Мәдениет үйі мен кітапхана — тұрғындардың рухани ордасы. 2020—2022 жылдары су құбыры желісі жөндеуден өткізіліп, ауыл инфрақұрылымы жақсарды.

Бүгінгі күні округ аумағында 21 шаруа қожалығы, 30 сауда дүкені, 3 жанармай бекеті, 2 дөңгелек жөндеу орталығы, 1 дәріхана және 1 тойхана жұмыс істейді. 1996 жылдан бері ауыл мешіті елге қызмет көрсетуде. Байланыс және пошта бөлімшелері 1975 жылдан бері үздіксіз жұмыс атқарып келеді.

Білім мен өнердің бесігі

Баршатастағы Оспанқұл Меңаяқұлы атындағы жалпы орта білім беретін мектепте 156 оқушы талапқа сай білім алуда. Мектеп қабырғасынан қанат қаққан түлектердің ішінде елге танымал тұлғалар аз емес. Олардың қатарында Қазақстанның халық әртісі Бекен Бөкенұлы Жылысбаев, жазушы-сатирик, ҚР-ның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Мыңбай Рашев, халық жазушысы, тарихшы, ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, профессор Мұхтар Марауин, «Алаш» сыйлығының иегері жазушы Төлек Тілеухан, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, «Парасат» орденінің иегері Несіпбек Айтұлы, тарих ғылымдарының докторы, профессор, білім беру саласының үздігі Жанұзақ Қасымбаев, ұлағатты ұстаз, Аягөз ауданының Құрметті азаматы Рғызбай

БАРШАТАС - БЕРЕКЕ МЕКЕНІ



Аягөздің батыс бетінде, шөлейт пен таулы аймақтың қиылысында табиғатпен үндес, тарихы бай, еңбегі ерен бір ауыл бар. Ол - Баршатас. 1932 жылы құрылған Баршатас ауылы бір кездері Шұбартау ауданының орталығы болған. 1997 жылы аудан қысқарғаннан кейін Аягөз ауданының құрамындағы ауылдық округ болып қалды. Баршатас - ежелден әлеуметтік, мәдени және рухани тұрғыдан дамыған, елге есімі танылған тұлғалар шыққан қасиетті мекен.



Сихымбаев, физика-математика ғылымдарының кандидаты Жөніс Өмірбеков, техника ғылымының докторы, академик, «Құрметті байланысшы» Кемелбек Бекен Жасымбайұлы, Семей қаласының бұрынғы әкімі, Абай облысының Құрметті азаматы, «Құрмет», «Парасат», «Барыс» ордендерінің иегері Мейрамхат Қарибекұлы Айнабеков және басқа да аудан мақтанышына айналған азаматтар бар.



ӨНЕГЕЛІ ӘУЛЕТ, ӨРКЕНДІ ҰРПАҚ



Соңғы жылдары ауылдағы ағайынның еңсесі көтеріліп, етек-жеңін жинай түскендігін байқау қиын емес. Бірі мал бақса, екіншісі құс өсіріп, енді бірі егіншілікпен шаруасын шалқытуда. Ауылда кәсібін өркендетіп, жерлерстерін жұмыспен қамтып отырған шаруа қожалықтары да жетерлік. Солардың бірі – Аягөз ауданындағы Майлин ауылдық округіндегі Бақытбек Тұрысбекұлының «Бексұлтан» шаруа қожалығы.

Мал шаруашылығы — ел байлығының алтын қазығы. Қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, ырысы мен берекесі төрт түліктің төңірегінде өрбігені белгілі. Осындай киелі кәсіпті өмірінің өзегіне айналдырған, елдің берекелі тіршілігіне үлес қосып жүрген жан-ның бірі - Бақытбек Тұрысбекұлы Тұрысбеков. Кәсіптің көзін табамын дегендерге бүгінгі таңда мүмкіндік көп. Бақытбек Тұрысбекұлының шаруа қожалығы да бүгінде кәсіптің көзін

тапқан қожалықтардың қатарында. 1962 жылдың 10 қаңтарында Жарма ауданының Октябрь совхозында (қазіргі Әди Шәріпов ауылы) дүниеге келген ол еңбекқор әкенің, мейірімді ананың тәлімін бойына сіңіріп өсті. Әкесі ауылдың белді шопаны, төрт түліктің қыр-сырын жақсы меңгерген Мүкеев Тұрысбек болса, анасы Әсия Ыбырайқызы шаңырақтың шырағын жағып, ұл-қыздарын еңбекқорлық пен адалдыққа баулыған асыл жан еді. Сегіз баланың ішінде Бақытбек ерекше іскерлігімен, талап-шылдығымен көзге түсті.

Н.Некрасов атындағы мектепті тамамдаған соң, 1980 жылы Отан алдындағы борышын өтеу үшін Украина жеріне аттанды. Әскерден оралған жас жігіт еңбекке араласып, 1983 жылы Қалбатау ауылындағы автобус паркінде слесарь болып жұмысқа орналасады. Кейін отбасымен бірге Аягөз ауданына қоныс аударып, совхозда бақылаушы механик, оператор, слесарь қызметтерін атқарып, өз ісінің шебері ретінде танылды.

Бақытбек 1990 жылы «Көксу» ұжымына қызметке кіріп, он жылдан астам уақыт еңбек етті. Осы кезеңде мал өсірудің барлық тетігін үйреніп, шаруашылықты басқарудың әдісін меңгерді. 2002 жылы тәуекелге бел буып, өз кәсібін бастап, жеке «Бексұлтан» шаруа қожалығын құрып, мал шаруашылығына біржола бетбұрыс жасады.

Бүгінде бұл қожалық өңірдегі іргелі шаруашылықтардың бірі саналады. Қожалықта 20 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Шаруашылықтың негізгі бағыты — асыл тұқымды ірі қара мал өсіру. Қазіргі таңда мұнда 750-ден астам мүйізді ірі қара, сондай-ақ жылқы мен 3000-ға жуық қой бар. 1000 бастық бордақ алаңы салынып, таяуда пайдалануға берілді.

Шағын ауылдардың шаңырағын шайқалтпай ұстап қалуға өз үлесін қосып отырған азаматтардың бірі де осы Бақытбек. Былтыр ауылға төрт үй салып, он отбасын қуантса, биыл он үй салып жатыр.

- Ауылдағы мектеп жабылып қалса, онда адам қалмайды. Сондықтан ауылда жастардың тұрақтап қалуына мүмкіндік жасау керек,- дейді Бақытбек Тұрысбекұлы.

Бұл қазақтың кең даласындай дарқандықты бойына сіңіріп, «елім» деп өмірленген азаматының жай сөзі емес, ісі емес пе! Өр елдің Бақытбектей арқа сүйер азаматтары болса, ауыл да аман болар еді...

- Малдың соңы мен өнім сапасы тікелей жем-шөптің сапасына байланысты. Сондықтан жаз шыға сала қожалық ұжымы қыстың қамын ерте ойлап, мал азығын молынан дайындап қоямыз. Мал шаруашылығында табысқа жетудің басты шарты — адал еңбек пен табандылық. Төрт түлікті асылдандыру үшін жайылым мен жем-шөптің сапасы жоғары болуы тиіс,- дейді кәсіпкер.

Бұл күндері Бақытбек Тұрысбекұлының қожалығы заманауи шаруашылықтардың қатарында. Қожалықтың иелігінде 10 мың гектардан астам жер бар. Барлық техника мен құрал-жабдықтар заманауи талаптарға сай. Егістік пен шабындық жұмыстарын жеңілдету



үшін ауыр техникалар сатып алынған. Бұл — тек өндіріс қуатын арттырып қана қоймай, ауылдағы жұмыссыздық мәселесін де азайтқан қадам. Жер-ананың берекесін келтіріп, маңдай терімен нәпақа тауып отырған шаруашылықтың табысы жыл сайын еселеніп келеді.

Қожалығында 3000 бас Еділбай және қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойы, 750 бас қазақтың ақбас сиыры, 700 бас қазақтың жабы тұқымдас жылқысы бар. Таяу күндері түйе өсіру кәсібін де бастамақшы. 2018 жылы Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күні аясында «Бексұлтан» қожалығы ауданда үздіктер қатарынан көрініп, көпке үлгі болды.

Бір қарағанда, күнделікті күйбең тірліктің арасында жүрген шаруаның еңбегі көзге еленбей қалатындай көрінуі мүмкін. Алайда уақыт бәрін таразылап, өз бағасын береді. Адал еңбек ескерусіз қалмайды. Топыраққа терін сіңірген жанның еңбегін, ерте ме, кеш пе, ел мойнындайларын күн туады. Бақытбек Тұрысбекұлының өмір жолына зер салсаңыз, осы сөздің айқын дәлелін көресіз. Бұл — ерен еңбектің, табандылық пен төзімнің белгісі. Мал соңында жүріп, туған жерінің өркендеуіне өз үлесін қосқан азаматтың есімі бүгінде аудан жұртына жақсы таныс. Еселі еңбегі мен еліне сіңірген еңбегі мемлекет тарапынан жоғары бағаланды. Шаруашылық басшысы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 25 жыл» медалімен, Ауыл шаруашылығы министрілігінің «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» төсбелгісімен, облыс пен аудан әкімдерінің Құрмет грамоталарымен, «Ерен еңбегі үшін» және «Қазақстан Тәуелсіздігіне 30 жыл» мейрейтойлық медальдарымен марапатталған.

Іскер азамат сонымен қатар еліміздің Тұңғыш Президентінің Құрмет грамотасына ие болды. 2012 жылы «Қазақстан» ұлттық арнасының ауыл шаруашылығын дамытуға арналған бағдарламасына қатысып, арнайы алғыс хатпен марапатталды.

Бақытбек өмірлік жары Гүлнұр Көрімқызымен төрт баланы өмірге әкеліп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырды. Үлгілі отбасында тәрбие көрген балаларының барлығы тәуелсіз еліміздің өркендеуі жолында еңбек етіп жүр.

Үлкен ұлы Серік — қожалықтың белді мүшесі. Келіні Өсем - мұғалім. Берік те әке ісін жалғап, шаруашылықтың дамуына белсене



атсалысуда. Аймара есімді келіні аудандық мекемеде бас маман. Ал Айнұр мен Дастан - елордада жоғары санатты мұғалімдер. Кіші қызы Арай - қаржы саласының маманы, жұбайы Ернар - теміржол инженері.

Осылайша Тұрысбековтер әулеті - еліміздегі еңбек пен бірліктің, парасат пен мейірімнің нышанына айналған өнегелі отбасы.

Бақытбек Тұрысбекұлы үшін шаруашылық — тек табыс кезі емес, елге қызмет етудің бір жолы. Ол ауылдағы әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға қолдау көрсетуді азаматтық парызым деп санайды. Осындай мейірім мен еңбек қатар өрілген жерде ғана береке орнайтыны анық.

- Туған жерге еткен еңбек - елге еткен қызмет. Малдың да, жердің де киесі бар. Соған адал болсақ, Алла берекесін аямайды,- дейді ол қарапайым ғана, бірақ салмақты сөзбен.

Еңбегімен елге үлгі болған Бақытбек Тұрысбекұлының жолы - жас ұрпаққа өнеге.

Шопан ата дәстүрін жаңғыртып, адал еңбектің арқасында ауылдың әлеуетін арттырған азаматтың ісі - нағыз елдік еңбек.

«Бексұлтан» шаруа қожалығының жұмысымен таныса отырып бүгінгі таңда ауылдағы ағайынның мал шаруашылығын жандандырып жатқанын көріп сүйсіндік. Қиындығы мен қияметі көп жұмысты тындырып, халықты азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған шаруалардың еңбегінің ерекше екендігін тағы бір мәрте мойындадық.

Ел іргесі сөгілмей, мал өрістен жерінбей, ауылдағы ағайын ащы еңбектің тәтті жемісін көре берсе екен деп тіледік.

Риза МОЛДАШЕВА



МӘДЕНИЕТ

Әйгілі «Ауылым» әнінің сөзін жазған белгілі ақын - ҚР мәдениет саласының үздігі, «Құрмет» орденінің иегері, Үржар ауданының Құрметті азаматы Жабайыл Бейсеновтің есімі қазақ әдебиеті мен мәдениетінде ерекше орын алады. Алакөл жағасында ғұмыр кешіп-ақ ауылын жырлаған ақынды Қабдеш Жұмаділов, Тұрсын Жұртбай, Несіпбек Айтұлы секілді зиялы қауым қадір тұтты.

Үржар ауданында «Жусанды дала жыршысы» тақырыбында мектеп оқушылары арасында «Жабайыл оқулары» өтті. Жабайыл Бейсеновтің шығармашылығын дәріптеу мақсатында ұйымдастырылған сайысқа ауданның 14 мектебінен 33 оқушы қатысып, ақын өлеңдерін мәнерлеп оқыды.

Оқушылардың өнерін қазылар алқасы - мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ж.Андасова, «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Е.Бейсенов, аудандық мәдениет үйінің директоры Қ.Сатмұхамбетов пен көркемдік жетекшісі П.Төлегенова, сондай-ақ аудандық орталық қаталхананың директоры Р.Базарбаева, білім бөлімінің әдіскері Р.Жүнісова, «Уақыт тынысы» газетінің тілшісі ақын А.Оспанов бағалады.

Байқау қорытындысы бойынша, бас жүлдені Мұхтар Мақсатұлы (І.Жансүгіров орта

«ЖУСАНДЫ ДАЛА ЖЫРШЫСЫ»



мектебі) жеңіп алды. I орынды Қазымбет ауылынан бақ сынаған Мирас Қайратов еншіледі. II орынды Инабат Тоқтасынова мен Құттыбек Бейсенғазы өзара бөліссе, III орынды Еркежан Бақтыбек (Науалы ауылы) пен Ер Қабанбай мектебінен қатысқан Нұрай Слямғазы иеленді.

Үржар өңірінен шыққан ақын-жазушылардың шығармаларын дәріптеу, қазақ тілінің мәртебесін көтеру, жас ұрпақты өнерге бау-

лу байқаудың басты мақсаты болды.

Саналы ғұмырында ақындық пен ұстаздықты қатар алып жүрген Жабайыл Бейсеновтің өлеңдері балалар мен жастарға жаттауға жеңіл, көңілге қонымды әрі терең мазмұнды болып келеді. Былтырдан бері өтіп келе жатқан «Жабайыл оқуларына» өлеңқұмар оқушылар биыл да үлкен қызығушылықпен қатысты.

«Ст» - ақпарат

ҚҰҚЫҚ

ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС - НАҚТЫ НӘТИЖЕ

Семей қаласында «Қылмыстық жолмен алынған криптовалюталық активтерді анықтау» тақырыбында оқыту семинары өтті. Іс-шараға Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі өкілдері, сондай-ақ еліміздің түрлі өңірлерінен келген киберқылмыспен күрес және экономикалық қылмыстарды тергеу саласындағы мамандар қатысты. Семинардың басты мақсаты – тәжірибе алмасу, блокчейн-транзакцияларды талдаудың заманауи әдістерін меңгеру және киберқауіпсіздік бағытындағы ведомстваралық өзара іс-қимылды нығайту болды.

Бүгінде цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жаңа мүмкіндіктермен қатар, жаңа қауіп-қатерлерді де туындатады. Қылмыскерлер заңсыз табыстарды жасыру үшін криптовалютаны жиі қолдануда. Мұндай жағдайда құқық қорғау органдарының алдында цифрлық іздерді тиімді анықтау, бақылау және дәлелдеу міндеті тұр. Семинардың ашылуында сөз сөйлеген ІІМ Тергеу департаментінің бастығы Мұхтар Қожаев ішкі істер органдары қызметкерлерінің цифрлық құзыреттерін арттырудың маңыздылығына тоқталып, бұл бағыт министрліктің киберқылмысқа қарсы іс-қимыл стратегиясының негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Абай облысы полиция департаментінің бастығы Эльдар Данияров өз сөзінде: «Әлем қарқынды цифрлануда, онымен бірге киберқатерлер де көбейіп келеді. Біз бұл қауіптерге дайын болуымыз керек, технологияны меңгеріп, алдын ала әрекет етуіміз қажет. Біздің мақсат – тек қылмыскерлерді анықтау ғана емес, жаңа құқықбұзушылықтардың алдын алу», – деп атап өтті.

Биылғы жылдың басынан бері «Кибернадзор» жүйесі арқылы 2,5 мыңнан астам алаяқтық сайт бұғатталған. Банктердің екінші деңгейіне заңсыз рәсімделген несиелерді тоқтату бойынша 368 ұсыну жіберіліп, олардың 266-сы бойынша несие рәсімдеу процесі тоқтатылған. Семинар киберқауіпсіздік саласындағы өзара іс-қимылды нығайтып, ішкі істер органдарының заманауи технологияларды қолдану мәдениетін жаңа деңгейге көтерді.

Өз тілшіміз

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУЛАР!

«Боке» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: Южный учаскесінің сульфидті кендерін өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а. о. Жұмыс учаскесінің ауданы 65 га құрайды. Координаттар: 1) 49°04'12,614"се, 81°33'18,368"шб; 2) 49°04'11,82"се, 81°34'32,273"шб; 3) 49°03'57,783"се, 81°34'31,91"шб; 4) 49°03'58,475"се, 81°33'18,05"шб.

Қоғамдық тыңдаулар 23.12.2025 жылы сағат 11:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а. о., Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, «Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді. Ақжал және Бөке елді мекендері Әкімшілік жағынан Жаңаөзенге жататын Ақжал ауылдық округіне жатады. Бөке, Ақжал кенттерінің тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі. Бөке және Ақжал кенттерінен көпкіті жөнелту уақыты 18.12.2025 жылы сағат 09:30-да. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/79588621470?pwd=qTcX6UcXRCiVWWCogObZpnSXm2pDG33.1>. Конференция идентификациялық: 795 8862 1470, кіру коды: eg9v2X. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 15 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталда <https://ndbecology.gov.kz/>, «қоғамдық тыңдаулар күнтізбесі» бөлімі танысуға болады, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-portal.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Барлық ескертүүлەر және / немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекен-жайы: prirodnyye-resursy-obl.abay@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Боке» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН: 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел: 8-775-176-01-47.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: «Legal Ecology Concept» ЖШС, Өскемен қ., 070002, М. Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.

«Боке» ЖШС Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың атауы: Токум учаскесінің сульфидті кендерін өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін құжаттар материалдары. Әсер ету аймағы: Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал а. о. Жұмыс учаскесінің ауданы 43,5 га құрайды. Координаттар: 1) 49°06'28,5629"се, 81°33'14,0970"шб; 2) 49°06'30,0168"се, 81°33'14,1790"шб; 3) 49°06'31,8046"се, 81°33'40,4515"шб; 4) 49°06'42,4058"се, 81°33'45,3445"шб; 5) 49°06'40,1248"се, 81°34'1,0172"шб; 6) 49°06'38,0200"се, 81°34'1,8600"шб; 7) 49°06'17,9800"се, 81°33'57,000"шб; 8) 49°06'17,1798"се, 81°33'31,0978"шб.

Қоғамдық тыңдаулар 23.12.2025 жылы сағат 12:00-де Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Жарма ауданы, Ақжал ауылы, Жаңаөзен ауылы, Ер Жәнібек көшесі 8, «Ақжал ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ ғимаратында өтеді. Ақжал және Бөке елді мекендері Әкімшілік жағынан Жаңаөзенге жататын Ақжал ауылдық округіне жатады. Бөке, Ақжал кенттерінің тұрғындары үшін қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін көлік беріледі. Бөке және Ақжал кенттерінен көпкіті жөнелту уақыты 23.12.2025 жылы сағат 09:30-да. Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет: <https://us04web.zoom.us/j/77684549626?pwd=mQTGXRoYXr10BrnHk1o2Q5YgXj3.1>. Конференция идентификациялық: 776 8454 9626, кіру коды: PWFE7J. Тіркеу талқылау басталғанға дейін 15 минут бұрын басталады. Қосылу мәселелері бойынша көзделіп отырған қызмет бастамашысының телефондары бойынша хабарласуға болады.

Жобалық құжаттама пакетімен «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталда <https://ndbecology.gov.kz/>, «қоғамдық тыңдаулар күнтізбесі» бөлімі танысуға болады, сондай-ақ «Абай облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайтында e-portal.gov.kz «қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat>.

Барлық ескертүүлөр және / немесе ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі» порталда, сондай-ақ: Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30, «Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, тел. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады: 8 (7222) 35-44-32. Электрондық мекен-жайы: prirodnyye-resursy-obl.abay@mail.ru.

Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларына сәйкес ашық жиналысты өткізу мерзімі қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімі бойынша қатарынан бес жұмыс күніне дейін ұзартылады.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Боке» ЖШС, Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 75/7 үй, БСН: 080840017304, e-mail: wowzeroskill@gmail.com, тел: 8-775-176-01-47.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші: "Legal Ecology Concept" ЖШС, Өскемен қ., 070002, М. Горький к-сі, 21, БСН: 211040029201, Тел.: +7 (777) 414-90-10, e-mail: toolec21@gmail.com.

Қосымша ақпаратты электрондық пошта арқылы алуға болады: toolec21@gmail.com және тел: +7 (777) 414-90-10.

ДЕНСАУЛЫҚ

Семей медицина университеті госпиталінде оториноларингология бағыты бойынша тәжірибелік шеберлік сағаты өтті. Тәжірибе алмасуды университеттің осы саладағы бөлімі ұйымдастырды.

ШЕБЕРЛІК САҒАТЫ ӨТТІ

Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ,
«Semei tany»

Шеберлік сағатының басты мақсаты - оториноларингологтер мен жақ-бет хирургтерінің кәсіби біліктілігін арттырып, эндоскопиялық және реконструктивті хирургия саласындағы практикалық дағдыларын жетілдіру. Медицина саласындағы соңғы әдіс-тәсілдерді меңгеруге арналған шараға өңірдің және еліміздің түкпір-түкпірінен келген жас дәрігерлер мен тәжірибелі мамандар қатысты. Тәжірибе алмасу барысында қатысушыларға нақты хирургиялық операциялар көрсетіліп, жетекші дәрігерлердің бақылауымен тәжірибелік жұмыс жүргізілді. Сонымен қатар түрлі клиникалық жағдайлар талқыланып, дәрігерлер өзара пікір алмасты.

Шеберлік сағаты бағдарламасы төрт бағытты қамтыды. Бірінші бөлімде созылмалы мезотимпанит кезінде тимпаноластика жасау әдістері көрсетілді. Бұл – есту қабілетін қалпына келтіруге бағытталған күрделі операция түрі.

Ал екінші бөлімде созылмалы одонтогенді гайморитке байланысты эндоскопиялық гайморитомия тәсілі көрсетілді. Дәрігерлер бөгде заттарды жою және мұрын қуысын қалпына келтірудің заманауи емшарасымен бөлісті. Үшінші бөлімде созылмалы полипозды гайморитті емдеудің эндоскопиялық тәсілдері, ал төртінші бөлімде мұрын деформациясын түзетуге арналған ринопластика операциясы көрсетілді. Әрбір операция нақты мысал арқылы көрсетіліп, қатысушылар клиникалық жағдайды талқылауға мүмкіндік



алды. Мұндай тәжірибелік формат дәрігерлердің кәсіби дамуына және жаңа технологияларды тиімді қолдануына ықпал етері сөзсіз. Себебі тәжірибелік шеберлік сағатын Қазақстанның жетекші мамандары өткізді. Олардың қатарында жоғары санатты оториноларинголог дәрігер, пластикалық хирург, Алматы қаласындағы «Lot Status» клиникасының бас директоры Фархад Хуршидов болды.

Фархад Хуршидов аталған сала бойынша реконструктивті хирургияның жаңа әдістері туралы баяндама жасап, өз тәжірибесін бөлісті. Ал жоғары санатты оториноларинголог дәрігер, «LOR STATUS» клиникасының директоры, МАИИ корреспондент-мүшесі Александр Обвинцев эндоскопиялық операциялардың қауіпсіздік стандарттары мен инновациялық тәсілдеріне кеңінен тоқталды. Жоғары санатты жақ-бет хирургі, пластикалық хирург және

имплантолог, қоғамдық денсаулық сақтау магистрі, Алматы қаласы №5 қалалық клиникалық ауруханасының бөлім меңгерушісі Маратжан Ахшалов болса бет-жақ хирургиясындағы эстетикалық және функционалдық теңгерім ұғымын жан-жақты түсіндірді.

Мұндай ауқымды тәжірибелік шеберлік сағаттары медициналық жоғары оқу орындарының білім беру сапасын арттыруға, отандық мамандардың кәсіби байланысын нығайтуға және медицинаның өзекті бағыттары бойынша тәжірибе алмасуға мүмкіндік береді.

Семей медицина университеті алдағы уақытта да ғылым мен тәжірибені ұштастыра отырып, өңірлік және республикалық деңгейде осындай ғылыми-тәжірибелік іс-шараларды тұрақты түрде өткізуді жоспарлап отыр. Бұл жас мамандар үшін де таптырмас тәжірибе алаңы болмақ.

ҚҰРМЕТТІ СЕМЕЙ ҚАЛАСЫНЫҢ ТҮРҒЫНДАРЫ ЖӘНЕ АТА-АНАЛАР!

Семей қаласының әкімдігі және қала әкімдігі жанындағы көмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясы Сіздерді, көпқабатты тұрғын үйлердің терезелерінен балалардың құлау жағдайларының алдын алу мақсатында төмендегі ережелерді ұстанудың жөнін ескертті:

Біріншіден, баланы ешқашан терезесі ашық бөлмеде жалғыз қалдырмаңыздар, тіпті бірнеше секундқада. Балалар елті және ізденімпаз – қайғылы оқиға үшін бір секундқа назар аудармау жеткілікті болуы мүмкін.

Екіншіден, терезелердің жанына орындықтар, креслолар, пуфиктер немесе бала көтеріліп шыға алатын басқа заттарды қоймаңыз.

Балаларға москит торлары сенімді қорғаныс емес екенін түсіндіру де маңызды – олар жалған қауіпсіздік сезімін тудырады, бірақ баланың салмағын көтере алмайды.

Максималды қауіпсіздік үшін терезеге баланың терезені өз бетінше ашуына мүмкіндік бермейтін арнайы құлыптарды, блокираторларды немесе құлыпталған тұтқаларды орнату ұсынылады. Құлыпталған тұтқа терезені жабық күйде бекіту-

ге немесе желдету үшін кішкене саңылау қалдыруға мүмкіндік береді, бірақ баланың терезені толық ашуына жол бермейді. Поликарбонат торы: терезені сыртқы түрін бұзбайтын, жарық пен таза ауаның кіруіне кедергі жасамайтын, бірақ балалардың құлап кетуіне сенімді түрде жол бермейтін мөлдір және берік қорғаныс.

Сондай – ақ, балкондар туралы ұмытпаңыз – бала ересектердің сүйемелдеуіне оңда шықпауы керек, ал қоршаулар сенімді және биік болуы керек.

Есіңізде болсын: тіпті кішкене сақтық шарасы баланың өмірін сақтап қалуы мүмкін.

Құрметті ата - аналар, балаларымыздың қауіпсіздігі – біздің ортақ жауапкершілігіміз. Сіздерден осы ұсынымдарды мұқият қарауды, үйіңіздегі терезелерден баланы қорғау үшін қажетті шаралар қабылдауды және балаларға қауіпсіз мінез – құлық ережелерін үйретулеріңізді сұраймыз. Бұл кеңестер сіздің балаларыңыз үшін қауіпсіз орта құруға көмектеседі деп үміттенеміз.

Назар аударғандарыңыз үшін алғыс білдіреміз!

НАЗАР АУДАРҒАҢЫЗ! ІЗДЕУ САЛАМЫЗ!

Катлин Мұратбек Мұсылманбекұлы, 08.05.1954 ж.т. Байланысқа шықпай қалған. Қазіргі уақытта оның қайда екені белгісіз. Сипаттамасы:

Бойы 170–175 см, дене бітімі – арық, шашының түсі – қара, көзінің түсі – қара. Жоғалған адам туралы қандай да бір мәлімет білетіндерден мына телефонға хабарласуды сұраймыз: 8 776 852 43 84.

Шөкерім университеті, Тамақ инженериясы зерттеу мектебінің деканы Нұрымхан Гүлнұр Несіптайқызына ағасы **АРНҰРДЫҢ** мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты орны толмас қайғысына ортақтасып, көңіл айтамыз. Марқұмның жаны жәннатта, иманы жолдас болсын.

Тамақ инженериясы зерттеу мектебінің ұжымы

Сыйлы дос, ардақты азамат, сыныптасымыз

Арнұр НЕСІПТАЙҰЛЫНЫҢ

мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты анасына, отбасына, ағайын-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтамыз. **Сыныптасары**

«Семей таны» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.



www.
semeytany.kz

www.semeytany.kz

Директор –
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА
Бас редактор –
Сәтжан ҚАСЫМЖАНҰЛЫ
Редактордың орынбасары –
жауапты хатшы
Роза ПУШПАҚОВА

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу күнелігі № КЗ49VPY00121173, 05.06.2025 ж. Газет «АБАИ АИМАQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламный дайджест агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылып шығады.

Индекс 06061. Тапсырыс 259. Бағасы келісімді.

Аптасына екі рет - сейсенбі, жұма күндері шығады. Жарияланған мақалалардың авторлардың пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің қуырында. Меншікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: F18A5H3, Семей қаласы, Қайым Мұхамеджанов көшесі, 12. Тел.: Директордың қабылдау бөлмесі - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

ШЫҒАРЫЛЫМНЫҢ ТАРАЛЫМЫ 20820



Кезекші редактор Гүлім ЗАМАНБЕКҚЫЗЫ